

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАЙРАТКЕР



Кеше Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде “Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің рөлі және рухани мұрасы” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияны Қызылорда облысының әкімдігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырды.

Конференцияның пленарлық мәжілісіне ҚР Премьер-министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова, Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов, Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелері, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдарының өкілдері, шетелдік және отандық ғалымдар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, жас ізденушілері қатысып, сөз сөйледі.

2-бет



ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ

ЕҢБЕК – ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2013 жылғы қарашадағы Жарлығымен қыркүйек айының соңғы жексенбісі ЕҢБЕК КҮНІ болып бекітілді.

Оның негізгі мақсаты Мемлекет басшысының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру туралы» идеясы шеңберінде өнімді еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттау, жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту және еңбек адамын құрметтеу болып табылады. Аталған мереке биыл аймағымызда алғаш рет кең көлемде мерекеленуде.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп көнекөздеріміз айтып өткендей, еңкейіп тірлік істегенді Жер-ана да құрқол қалдырмаған. Бар несібесін жерден терген бабаларымыз ата кәсіптің қыр-сырын меңгеруге талпынған. Табиғат тамыр-шысындай ауа райы құбылысын дөп басып танып, жұмыс ыңғайын да соған бағыттап отыратын бабалар қасиеті күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай келеді. Өйткені, әлемнің әміршісі – еңбек. «Еңбек қылмай ер оңбас, бірлік қылмай ел оңбас» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Сыр елінің тарихында аға буын өкілдері қазақы рухты жоғалтпай, халықты еңбекке біркісідей жұмылдыра білген. Ауызбіршіліктің, тынымсыз еңбектің арқасында аймақтан 102 Социалистік Еңбек ері шыққан. Олардың есімдері облыс тарихында алтын әріптермен жазулы. Олардың өмірі мен еңбек жолдары жас ұрпаққа қашан да үлгі-өнеге.

Шиелі ауданының өзінен қырықтан астам Еңбек ері шықса, Н. Илиясов ауылының өзінде үш еңбек батыры бар. Сондай-ақ, Қармақшы ауданы да еңбек батырларымен мақтана алады. Атап айтқанда, дала академигі атанған Ыбырай Жақаев, ер азаматтармен бірдей иық тірестіре еңбек етіп, мемлекет байлығын еселеп өсірген Шырынкүл Қазанбаева, Сәлима Жұмабекова, Жадыра Таспанбетова, Закира Ержанова секілді ақ жаулықты аналарымыз ел мақтанышы. XXI ғасыр, озық технологиялар дәуірінде өмір сүріп жатсақ та осы еңбеккерлеріміздің ел үшін, келешек ұрпақ үшін еткен еңбектері өз мәнін жоймақ емес. Еңбек ерлерінің сол ерліктері бүгінгі жеткіншектер үшін аңызға айналғандай. Десек те, жоғарыда есімдері аталған еңбек ерлерінің ізін жалғаушы ұрпақтың шығуы шын мәнінде үлкен қуаныш.

3-бет

САПАР

ӨНДІРІСІ ӨРЛЕГЕН ӨҢІР

Бейсенбі күні «Қазатомпром» ҰАҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Қаппаров өңірімізге алғашқы жұмыс сапарымен келді.

Аймағымызда ел экономикасының басым бағыт-тарының біріне айналған уран өнеркәсібімен айналысатын кәсіпорындар баршылық. Олар «Қазатомпром» ҰАҚ қарасты «№6 кен басқармасы», «Бәйкен-У», «Қызылқұм» және «СКЗ-У» серіктестіктері. Аталмыш кәсіпорындардағы жұмыс ауқымын бағдарлау мақсатында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «Қазатомпром» ҰАҚ басқарма төрағасы Н.Қаппаров Жаңақорған, Шиелі аудандарында орналасқан өндіріс орындарын аралап көрді.

Бүгінде еліміз уран өндіру бойынша әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің біріне айналды. Шиелі ауданында орналасқан «№6 кен басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі уран өндірісіне ерекше екіпін қосып

отырған мекеменің бірі. «Қарамұрын» кенішін игеріп жатқан серіктестік дүниежүзінде ең терең қабаттан өнім өндіруімен ерекшеленеді. Табиғи уран өндіру геотехнологиялық жүйемен 450-680 метр тереңдіктен қатарымен немесе ұялы орналасқан ұңғылар жүйесі арқылы көтеріледі. Яғни, экологиялық ахуалға зиян тигізбес үшін барлық жұмыс жер астында, тау жыныстары орналасқан нүктеде жүреді. Ауқымды жұмыстарды аткарып жатқан серіктестік қарамағында 425 қызметкер бар. Олар жыл ішінде 1021 тонна уран өндірген. Өндіріс орнымен және жұмысшылармен тілдескен Н.Қаппаров қызметкерлердің жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жаңақорған ауданында орналасқан «Бәйкен-У» серіктестігі «Қорасан-2» кенішін тиімді технологиямен игеріп жатқан мекеме. Серіктестік басшысы О.Ізбасханов облыс әкімі мен ұлттық компания төрағасына уранды су арқылы өндіру үдерісін таныстырып шықты.

2-бет

ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАЙРАТКЕР

Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында «Темір Нарком», «қазақтың Луначарский» атанып, үлкен құрметке, зор беделге ие болды. Аман нешік, өзі құрысқан үкіметтің солақай саясатының кесірінен репрессия құрбаны болды. Алайда, тұғыры биік тұлғаның есімі ел есінен өшпек емес. Осы ретте мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің өмірі мен рухани мұрасын кең көлемде дәріптеу, Орта Азия мен Қазақстанның ғылымы мен білімін, мәдениеті мен өнерін қалыптастырып, дамытудағы еңбегіне арналған ғылыми зерттеп-зерделеу, жаңа мұрағаттық құжаттарды саралап, ғылыми айналымға ендіру – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Бүгінгі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның негізгі мақсаты да осы.

– Қазіргі таңда қазақ өнеріне қанат бітіріп, ұлттық мәдениет пен әдебиетті, өнерді, ғылымды жаңа сатыға көтерген Алаштың арда ұлы Темірбек Қараұлының мемлекет қайраткері ретінде тұлғасын жан-жақты ашу, оның мемлекеттік қызметімен бірге әдебиет пен мәдениетте алатын орнын айқындау – басты міндеттердің бірі болмақ. Темірбек Жүргенов ұлттық тарихымызда есімі алтын әріппен жазылған айтулы тұлға. Ол өз дәуірінде шығыс пен батыстың мәдениетін тең меңгерген, қазақ халқының жан-жақты білім алып, өсіп-өркендеуіне, дамуына бар күш-жігерін арнаған жанашыр жаңа толқын өкілдерінің бірі еді. Ол – Қазақстан ғана емес, ісі түркі жұртына белгілі ортақ тұлға. Мәдениет пен өнер мамандарын даярлауға көп көңіл бөлген, ұлттық құндылықтарымыз бен асыл мұраларымыздың сақталуы жолында еңбек етті. Сондықтан, оның есімін ұлықтау – біздің, бүгінгі ұрпақтың міндеті. Ардақты тұлғаның өмірі мен қызметіне арналған ғылыми конференциялар, көрмелер, мұражайлар ұйымдастырылуда, деректі фильм түсірілуде, Қызылорда қаласынан салынған шығармашылық үйіне есімі беріліп, ескерткіш орнатылды. Бұдан былай да елімізде Темірбек Қараұлы дәріптеу мақсатында қыруар шаралар атқарылатын болады, – деді Үкімет басшысының орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова.

Жиында сөз алған Ресей ғылым академиясы Ресей тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тамара Красовицкаяның пайымдауынша, 20-30 жылдары тарих сахнасына шыққан қазақ елінің зиялылары, оның ішінде Т.Жүргеновтің алдында өз халқының өмір сүру қалпынан мүлде өзгеше жаңа қоғам, жаңа заман жасау міндеті тұрды. “Бұл шаруа олардың қолынан келді. Мектептер ашты, университеттер салды, ұлттық мәдениетін театр сахнасына алып шықты. Өз елінің мүддесін

көксейтін жобаларды жүзеге асыруға талпыныс жасады. Бірақ бұл сол кезеңде Мәскеудің ұстанып отырған саясатына жақпады. Әлбетте оның соңы репрессияға ұласқаны өкінішті-ақ”, – дейді мәскеулік ғалым.

Тәжікстан Республикасы Ғылым академиясының А.Дониш атындағы Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Абдулло Гафуров болса Темірбек Жүргеновтің 1929-1930 жылдары Тәжікстан үкіметінің Қаржы комиссары, Статистикалық басқармасын басқарған қызмет жолы туралы баяндады. “Біздің ел Кеңес үкіметінің автономиясы ретінде құрылып, қиын-қыстау дәуірді бастан өткеріп жатқан тұста Т.Жүргенов статистика, қаржы жүйесінің дамуына үлес қосып, экономика органдарын құрып, қалыптастырды. Сонымен бірге тәжік ұлтының өкілдерінен қаржы саласының мамандарын даярлауды жолға қойды. Темірбек Жүргеновтің ерекшелігі тәжік тілін еркін меңгерген. Халықпен етене жұмыс жасай білген. Сол үшін де тәжік елі қазақтан шыққан қайраткерді ұлықтап, оның есімін елімізде жаңғыруына күш салады”, – деді ол.

Конференцияның секциялық отырыстарында 90-нан астам баяндама тыңдалды. Ғалымдар, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Темірбек Жүргеновтің өмірі мен қызметін, тұлғалық болмысын жан-жақты қырынан ашып көрсетті. Баяндамаларда XX ғасырда орын алған мәдени жаңғыру үдерісін тәуелсіз көзқарас тұрғысынан пайымдау мәселелері зерделенді.

Конференция барысында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов туралы деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің “Астана” атриумында “Білім тарихы музейінің” салтанатты ашылуы болды.

Бұдан бөлек, конференцияға қатысушылар 25-қыркүйек күні “АЛЖИР” мемориалды мұражайында болып, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Олар Т.Жүргеновтің зайыбы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Ленинмен кездескен тұңғыш қазақ Әлімхан Ермековтің қарындасы Дәмеш Ермекованың осы “АЛЖИР-дегі” тауқыметті тағдырымен танысты. Дәмеш Ермекова Темірбек атылған күні абақтыға жабылып, 8 жыл ғұмырын Қарлағатта өткізген.

Сонымен қатар, конференция қарсаңында Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен ғылыми басқосудың еңбектер жинағы және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ғалымдарының құрастыруымен “Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында” атты құжаттар жинағы жарық көрген болатын.

Дәурен ОМАРОВ.
Астана.



ӨНДІРІСІ ӨРЛЕГЕН ӨҢІР



Ол сілтілендіру реагенті негізінен тек жер астында жүргізілетінін, ерітіндіні сору мен құю циклында тепе-теңдік сақталатынын айтты. Кеніштің іші мен сыртындағы бұрғылау ұңғыларының сулары әр тоқсан сайын соғылып алынады. Зертханаларға жіберіліп, тексерілген су құрамында

кышқылдану мен уранның көбеюі байқалмаған.

Ал “Қорасан-1” кенішінде

сек, 6-7 жылдың көлемінде бір мекемеде осындай өнім өндіріледі деген сөз. Өндірістік бағдарламаларды дер мезгілінде орындауды басты мақсат тұтқан мекеме қызметкерлерінің 70 пайызы жергілікті тұрғындар.

Бейсенбі күні түс ауа облыс әкімшілігінде Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген «Қазатомөнеркәсібі» ҰК» АҚ басқарма

төрағасы Нұрлан Қаппаровтың қатысуымен қорытынды жиын өтті.

Жиынды ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев алдымен «Қазатомөнеркәсібі» компаниясының облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ролін атап өтті. Сондай-ақ, облыс басшысы «Қазатомөнеркәсібі» ҰК» АҚ-ның басшысы Нұрлан Жамбылұлының облысқа сапары кезінде оңтүстіктегі Шиелі және Жаңақорған аудандарында болып, ұлттық компанияға қарасты бірнеше кәсіпорындардың жұмысымен танысқанын, бұған дейін де облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына игі ықпалын тиізіп келе жатқан компанияның басшысымен әлеуметтік саланы қолдауға қатысты алдағы уақытта қол қойылатын келісім-шартты жан-жақты талқылағанына тоқталды.

Аталған құжат тараптардың ынтымақтастық қатынасын нығайта түсетінін, алдағы уақытта әріптестіктің жемісті жалғасын табатынын атап өткен аймақ басшысы облыстың әлеуметтік саласын қолдауға қатысты меморандумға биылғы жыл соңына дейін қол қойылатынын жеткізді.

Бұған қоса, Қ.Көшербаев ұлттық ком-

пания басшысымен өңірде кәсіптік-техникалық колледж, перзентхана және өзге де әлеуметтік нысандардың құрылысын салуға алдын ала келісімшарт жасалғанын мәлім етті.

Мұнан соң аталған ұлттық компанияның басшысы Нұрлан Қаппаров сөз алып, облыстың әлеуметтік саласына қолдау таныту «Қазатомөнеркәсібі» ұлттық компаниясының негізгі бағыттарының бірі болып қала беретінін, беделді компанияның бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін терең сезінетінін атап өтті. Сөзінің соңында Нұрлан Қаппаров мырза облыс әкімдігімен әріптестік байланыстың нығая беретініне сенім білдірді.

Айта кетейік, ұлттық компания 1997 жылдан бері, әсіресе облыстың оңтүстіктегі аудандарының дамуына тұрақты қолдау білдіріп келеді. Осы компанияның демеушілігімен мұнда бірнеше әлеуметтік нысандар бой көтерді. Бұған қоса, қамқорлық жасау сынды қайырымдылық шараларының ұйытқысы болып келеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ЕҢБЕК – ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ

Яғни, дала төсін дүбірлеткен Ыбырай атамыз бастаған еңбек ерлерінің заңды жалғасы Абзал Ералиевтей Еңбек ері бүкіл тәуелсіз Қазақстанның төл мақтанышы. «Азығымен жер мүсінді, еңбегімен ер мүсінді» деген бабалар сөзі осы Абзал Жұмашұлына арнап айтылғандай. Туған ауылын түлетіп, оның көркеюі, әлеуетінің артуы жолында аянбай еңбек еткен азаматтың ісі кім-кімді де сүйсінтеді.

Өңірімізде отбасылық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, жоғары кәсіби мамандар әзірлеуге үлкен үлкен үлес қосып отырған еңбек әулеттері қаншама?! Жуырда ғана өткен еңбек сабақтастығы форумына осындай 12 отбасы қатысты. Олардың бірі дәрігерлер әулеті болса, енді бірі ауыл шаруашылығы саласының мамандары. Сонымен бірге мұғалімдер, теміржолшылар отбасылары бар. Салтанатты шарада облыс әкімі бұл отбасыларына алғысын айтып, ризашылығын білдірді. Міне, еңбек адамды ер атандырады деген осы.

Тәуелсіз еліміздің даму жолы – бүгін әлем таныған қуатты, сапалы тұрмысты, саяси-әлеуметтік тұрақтылығы берік мемлекеттің жолы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: – Қазақстан қазіргі заманғы мемлекет, Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуы тиіс, – деп атап айтқан болатын. Ал, басты мақсат – 2050 жыл қарсаңында жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру. Ендеше, еңбек күні мерекесі – Елбасымыз айқындап берген осынау ұлы мақсатқа қол жеткізу жолдарының алтын арқауы, қозғаушы күші болмақ. Бұл – жалпыға ортақ мереке. Таңның атысы, күннің батысы тырбанып еңбек етіп, ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосатын карапайым еңбек адамы қандай құрметке де лайық.

Айнұр БАТТАЛОВА.



ЕҢБЕК ДИНАСТИЯЛАРЫ

Күмбірлеген киелі домбыра күңірене толғануда. Бұрын шанақтан төгілген күй сөйлейді дегенге күмәнмен қараушы едім. Иесіне байланысты екен. Тұрасы адамына кездеспей жүр екенмін. Пернені бойлай жүгірген Мұрат Сыдықов ағамыздың салалы саусақтарынан жанарымды ала алмадым. Неткен құдірет. Осыншама асқақ дарынның карапайым ауыл перзенті екеніне таңдандым.

ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Тылсым күш көз алдымнан небір көріністерді өткізіп жатыр. Міне, ғажап. Дулыға-сауыттары күн нұрымен жарқыраған өңшең ерлер Қарадөңнің қырқасына шоғырлануда. Қарақұрым қолдың алдындағы Жанқожа батыр алдаспанын жарқ-жүркі үйіріп жауға қарсы шапты. Батырдың мінген «Көкешкі» аталатын тұлпары көсіле сілтеуде. Шауып емес, қырандай қалықтап ұшып барады. Өз Жәкемнің күндей күркіреген даусы, қарлы дауыл боратқан айбаты, екі иығындағы қос барыс жан шыдатар емес. Мұздай құрсанған жендеттер быт-шыт болып безіп кетті. Зеңгір көкке шарықтаған домбыра үні жеңіс қуанышын паш етті. Іле-шала қаһарлы кейіпке енді. Бұл азғын Бабажан сартқа кесілген өлім жазасының орындалған сәті-тұғын. Халық кегін Жанқожа батыр бастаған арда азаматтар қайтарды. Күй аяқталды. Алайда тыныштықты бұзуға батылым жетпеді. Мүмкін өнердің мысы басты.

Сәл үнсіздіктен соң домбыра қайтадан безектеді. Бұл жолы көңілімді қорқыныш биледі. Сатұр-сұтыр найзағай ойнағандай, аспанды қара бұлт жайлағандай сезіндім. Арындаған арғымақтың кісінеген ащы үні құлағыма келді. Аруақты Ақтан батырдың атойынан қара жер қарс айырылғандай әсерге бөлендім. Қайран өнер. Қасиетіне қалайша басынды имессің?!

Бүгінгі кейіпкерім Мұрат Сыдықовты облыс, тіпті республика жұртшылығы жақсы таниды десем, артық емес. Дәлел қажет пе? Мархабат. Теңдессіз күйші туралы қазақ өнерінің майталмандары айтқан ыстық лебіздер баршылық. Ендеше солардың бірнешеуіне назар аударайық.

Данқты Ғазиза Жұбанова «Мұрат Сыдықова консерватория дипломын табанда жазып берер едім. Тек заң, ереже көтермейді. Бұл кісі – үлкен өнер иесі» десе, Асқар Токпанов көкеміз «Мен қатты кісі едім. Мұрат «Махамбеттің толғауын» ойнап отырғанда, кешегі қайран Махамбет пен Исатайлар шын елестеп, көзімнен еріксіз жас шықты» деп тебіреніпті. Мықтыны мойындау да мықтылық. Халық қаһарманы Роза Бағланова «Мұратқа барлық атақты беруге әбден лайық. Өкініштісі – осы уақытқа дейін бірде-бір атақ берілмеуі» деп қынжылса, акын Фариза Онғарсынова «Мұраттың «Тенізбен мұңдасу» атты үлкен шығармасы – Арал тағдырының гимні. Өте әсерлі, мәнді туынды» деп бағалаған. Ал Шара Жиенқұлова «Ауылда осындай үлкен өнер



иесі бар екен-ау. Талантына тәнтімін, Мұрат айналайын!» деген таңданысын жасырмапты. Тілектер легін композитор Мынжасар Маңғытаевтың «Махамбеттің толғауы» – шын мәнінде ерлік символы іспеттес симфониялық туынды» деген сөзімен түйіндесе.

Кез келген қасиет әкенің қаны, ананың сүтімен қонатыны анық. Мұраттың бойындағы өнер – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мұра. Бабадан атаға, онан әкеге, сонан соң Мәкеңе дарыған. Яғни, бабалар аманаты. Аманатқа – қиянат жасау... жо-жоқ атай көрмеңіз. Мұрат болса, осынау киелі дәстүрді перзенттерінің санасына сіңірді. Сүйсінерлігі өмірлік жары Базар Қостаева жеңгеміз де өнердің тұма бұлағынан сусындаған жан. Тіл-көзден сактасын. Өсіп-өнген әулеттің еңбек өтілі екі ғасырға жуықтапты. Бір сәт өнер шыңында шарықтаған жанұя жайлы сыр шертсек.

Сыдықовтардың отбасылық ансамблінің атағы жылдамдықпен көпке тарады. Қысқа мерзімде аудан, облыс жұртшылығының тағатсыздана тосар ұжымына айналды. Жетістік өзінен-өзі келмейтіні мәлім. Телегей тер төгілді. Тынымсыз еңбек жасалды. Сан мәрте қиындыққа жолықты. Күншілдіктің жалынына шарпылғандар тобыққан шалды. Бірақ Сыдықов саспады. Тығырыққа тірелгенде Алланың шексіз мейрімді екеніне шүбәсіз сенді. Үміті алдамады. Ақыры асулардан асты. Бұған құдай қосқан серігі Базардың да қосқан үлесі мол. Ұжымның жер кіндігі

Байқоңырдан басталған жеңісті де жемісті сапары жалғаса берді. Иmandылықты ту көтерген Мұрат патриоттықтың шынайы үлгісін қалады. Ұйқысыз түндер, беймаза күндердің өтеуіндей тапқан қаржыдан тура 1000 сомды «Аралды құтқару қорына», «Бейбітшілік қорына» теңдей бөліп салды. Бұл сол кездегі құны алтынмен пара-пар Кеңес ақшасымен есептегенде үлкен байлық еді. Мұны естігенде сан-саққа жүгірткендер де бар шығар. Десе де, Сыдықтың ұлы елемеді.

«Құдай деген құр қалмайды». Олай дегенде ше. Мәскеудің талғампаз көрермендерін тәнті қылды. Мұраттың «Сыр гүлі» әнін Ба-

зар тамылжыта шырқады. Санира сәмбі талдай иіліп мың бұрала билегенде сүйсінбеген адам қалмады. Нақты кезеңде Санира құрған «Тұмар ханым» би ансамблі өрлеу үстінде. Уақыт өте Мәдениет министрінің қаулысымен «Сыдықовтар жанұялық халықтық ансамблі» атағы берілді. Сонан бері осыны талай дүркін қорғады. Чемпиондықтан оны сақтау қиын. Телевидениенің «Алтын қорына» жазылды. Ауданда, облыста, республика орталығында әлденеше рет Мұраттың шығармашылық кеші өткізілді. Бұл ұлына арналған елінің бағасы еді. Сыдықовтардың өнерінен алыс-жақын мемлекеттер де хабардар. Олардың отбасы, шығармашылық табысы туралы шетелдік журналистер телефильмдер түсірді.

2005 жылдың 27 сәуірі. Аралға іссапармен келген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың халықпен жүздесу жиынында Мәкеңнің «Бастай бер алға Нұр-аға!» толғауы, «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» атты күйі орындалды. Жетістіктер жалғасын тапты. Ұзақ жылғы еселі еңбегіне орай Мұрат Сыдықов «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Мәдениет қайраткері» атағын иеленді. Композиторлар одағының мүшелігіне қабылданды. Арал ауданының құрметті азаматы атанды. Биылғы жылы Базар апай да «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

«Әлемнің әміршісі – еңбек» деп атап көрсеткен Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамалық мақаласында бүгінгі таңдағы еңбектену мәселесін бірінші қатарға қояды. Еңбек арқылы бақ-дәулетінді, атақ-даңқынды шығарасың. Еліне қалтқысыз еңбек еткен есіл ерлердің жанкешті ерліктері бүгінгі буынның бойынан табылу керек. Елбасы өз мақаласында жастарды осыған үндейді. Карапайым еңбек адамына құрметпен карап, мәртебесін арттыру мақсатында Елбасы Жарлығымен қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні болып бекітілген. Осыған орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Әлемнің әміршісі – Еңбек» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Еңбек күні мерекесінің басты мақсаты – еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға, өндірістік қызметтерге ынталандыруға, жұмысшы мамандықтарын насихаттауға және көпжылдық еңбек дәстүрлерін нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, көпшілікті еңбек ұжымдарының тыныс-тіршілігімен таныстырып, озаттары мен үздіктерінің ізгі жолын, өнегелі қырларын көпке үлгі ету, сол арқылы адамдарды, жастарды еңбекке баулып, ынталандыру.

Мерекелік шараны жас кітапханашы мамандардан құралған топ «Жастар. Еңбек. Келешек» атты флеш-мобпен ашты. Саналы ғұмырын бір салаға, яғни кітапхана ісінің дамуына арнаған ардагер-кітапханашылар жастарға еткен еңбектің зейнеті болатыны жайында ұлағатты әңгімелер айтты. Еңбек тақырыбына өлеңдер оқылып, ән шырқалды. Шара барысында «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, «Өркениет» медициналық және «Ұлағат» колледждерінің студенттері еңбек тақырыбына арналған ойын-викторинаға белсене қатысып, шара соңында кітапхана аванзалында ұйымдастырылған «Бақыттың кілті – еңбекте» атты кітап көрмесімен танысты. Еңбек күні мерекесі кітапхананың балалар бөлімінде ұйымдастырылатын «Еңбек болашағы» атты интеллектуалды-танымдық сағат пен көрме-насихат арқылы жалғасын табады.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына
кандидат Оразбекұлы Әшім



Әшім Оразбекұлы 1957 жылы 12 ақпанда Шиелі кентінде дүниеге келген. 1984 жылы Пенза құрылыс инженерлері институтын – құрылыс инженері, 1999 жылы Қызылорда мемлекеттік университетін – экономист, 2010 жылы Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін тау-кен инженері мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1984 жылдың қыркүйек айынан Шиелі Агроөнеркәсіптік кешенінде бас инженер-құрылысшы технадзор болып бастаған.

1986 жылдың сәуір айынан бастап Шиелі аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

1991 жылдан «Облремстрой» тресі ХРСУ мекемесінің бастығы болып қызметін

жалғастырды.

1992-1996 жылдары Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, 1996 жылдан 2000 жылға дейін «Құрылысматериалдары» акционерлік қоғамның президенті болып қызмет атқарды.

2001-2003 жылдары Шиелі кентінің әкімі болса,

2003-2006 жылдары №6 кен басқармасының құрылыс бөлімін басқарды.

2006 жылы «Иіркөл» кенішінің бастығы болып тағайындалып, кеніштің алғашқы қазығын қағудан бастап, оның құрылысына тікелей басшылық жасады. Кеніш жыл сайын өнімін арттырып, өндірістік қуаттылығына дейін жеткізілді.

IV және V шақырылған Шиелі аудандық мәслихатының депутаты.

2012 жылдың 23 қаңтарынан бастап Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.

2007 жылдан бастап «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Отбасылы: 5 бала, бірнеше немере тәрбиелеп отыр.

Әшім Оразбекұлы өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен жаңашыл идеяларының арқасында ел құрметіне бөленген азамат.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасын бүгінде күллі әлем мойындап, таныды. Оның халықаралық аренада үлкен беделге ие болуы, қыруар жетістіктерге жетуі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында іске асып, қаншама киын да күрделі кезендерді артта қалдырдық.

Сан ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған еркіндікке, ең басты байлығымыз – Тәуелсіздікке қолымыз жетті, жаңа қоғам қалыптасты.

Бүгінгі біздің мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ енбектің негізінде берекелі қоғам құру.

Кез келген мемлекетте қоғамдық-саяси қатынас-тардың барлығы да заңдармен, нормативтік құқықтық құжаттармен реттеледі. Өз кезегінде Қазақстан Республикасының заңдары тікелей Ата Заңнан бастау алатындығы баршамызға белгілі. Тәуелсіздігімізді айқындап, құқықтық негізде қамтамасыз ету мақсатында бүкілхалықтық референдумында қабылданған Конституция өмірге келді.

Қазақстандағы біртұтас мемлекеттік биліктің заң шығарушы тармағы саналатын еліміздің ең жоғары өкілді органы – екі Палаталы Парламенттің (Сенат және Мәжіліс) негізгі рөлі мен қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясында айқын белгіленген.

Парламент депутаты ретінде еліміздің дамуы жолында аянбай қызмет атқарып, елеулі еңбек сіңірген азаматтардың жауапты да абыройлы жолын саналы түрде тандай отырып, олардың нәтижелі істерін лайықты жалғастыру үшін Қызылорда облысының азаматы ретінде Парламент Сенатының депутаттығына кандидатурамды ұсынып отырмын.

Егер мен Сенат депутаты болып сайланатын болсам, төмендегі мәселелерге басымдық берер едім:

Қызылорда қаласындағы 2014 жылы 26 қыркүйектегі бос жұмыс орындары

	Мекеме атауы	Жұмыс орны	саны	Мекеме мекен-жайы
1	«Қызылорда су жүйесі МКҚ	газозлектродәнекерлеуші	3	Желтоқсан 156, 23-00-42
		жүргізуші	3	
		эксковатор машиннісі	1	
		ЭО-33211А эксковатор машиннісі	1	
2	« Керемат Сауда» ЖШС	жүк тиеуші	10	Шымбай № 107 22-42-10
		койма менгерушісі	1	
		экспедитор	2	
		сагушы	2	
3	«Гелпос» ЖШС	КНИП и А инженері	1	Желтоқсан и/з тел. 26-33-12
		өрт қауіпсіздігінң инструктор-техингі	1	
		мұнай базасына еден жуушы	1	
		АЭС операторы	1	
4	«Латона» ЖШС	АЭС кассир-операторы	1	Бухарбай батыр, 41 24-03-03
		тас калушы	5	
		бетоншы	5	
		сылақышы-сырлаушы	5	
		электрик	2	
		жұмысшы	10	
5	«Брауинс Казакстан» ЖШС	электргазодәнекерлеуші	3	Бегім ана, 8/6 87018735561, 87059524326, 87029334326, 26-31-62
		аспаз-салатышы	1	
		еден жуушы	5	
		ыдыс жуушы	3	
		пицца пісіруші	3	
		бармен	4	
		сагушы	8	
		кассир	4	
		кондитер	10	
		дашыы	5	
6	«MaPCAM» ЖШС	ас таратушы	5	М/а.Шұғыла, 3/1 24-59-57
		ПТО инженері	1	
		тас калаушы	25	
		кафель калуаушы	20	
		бетоншы	10	
		левкашы	5	
		жұмысшы	15	
7	«Best-Авто» ЖШС	инженер-приборист	1	Сырдария 2а, 21-22-01
		автосырлаушы	2	
		кузовшы	1	
		автосырлаушы комекшісі	1	
		автожондеуші	2	
8	«Келешек Б» ЖШС	бас банкер	6	Демесінов, 57 40-08-24
		банкер	2	
		КНИП и А инженері	1	
		массажист	1	
		электроншы	1	
		тазалаушы	1	
		автожондеуші	1	
9	«Келешек Б» ЖШС	электрик	1	Акмешіт м/а 9а/13 22-15-81
		аспаз	1	
		жүргізуші (кат.В,С)	3	
		бастауыш сынып мұғалімі	1	
		музыкант	1	
		бала күтуші	1	
		тәрбиенші	1	
10	«Бак-Азат» бала бақшасы	аспазышы	1	Акмешіт м/а 9а/13 22-15-81
		жондеуші	3	
		ТНВД жондеуші	2	
		моторист	2	
		токарь	3	
11	«Қызылорда механика-жондеу заводы» ЖШС	агрегатшы (КНП редуктор)	2	Хон Бен До, 20а 25-89-30

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, нөмірсіз, анықтама үшін байланыс телефондары: 8 (7242) 60 54 66, kuz_govkom@mail.ru, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының ішкі аудит және сапаны бақылау қызметінің жетекші маманы-сарапшы (D-5) – 1 орын. Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Тексеру комиссиясында сыртқы қаржылық бақылау актілерінің мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігіне сараптама және ішкі аудит жүргізу;
2. Өз құзіреті шеңберінде бақылау топтарының дайындаған бақылау жоспарының, бағдарламаларының, жұмыс жоспарларының жобасына сараптама жүргізу;
3. Сыртқы қаржылық бақылау актілерінің сапаны бақылау стандарты-на сәйкестігін бақылау;
4. Сыртқы қаржылық бақылау актілерінің стандартқа сәйкестігінің сараптамасы бойынша басшыға жазбаша есептер дайындау;
5. Құпия құжаттар және нормативтік актілермен жұмыс істеген кезде құпиялық режимін сақталуы тәртібін орындау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары экономикалық, заңгерлік білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстар-да екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық, заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мөртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер;

Компьютерде жұмыс жасай білу қойталады. Мемлекеттік тілді білу міндетті түрде, шет тілдерін меңгеруі қойталады.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен уәкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сер-тификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды

қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру («Қызылординские ве-сти» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі: 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/з, № 131 бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күнінен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондары-на ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысы бойынша тексеру ко-миссиясы» мемлекеттік мекемесі: 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бей-барыс көшесі, н/з , мекен-жайында әңгімелесуге шақырған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері бо-лып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер КР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Аты-рау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен тестілеуден өтеді.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға кон-курс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

D-5 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Консти-туциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тура-лы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының конкурстық комиссиясы.

Серік БАЙХОНОВ,
жазушы, Ахмет Байтұрсынов атындағы Ұлттық
сыйлықтың лауреаты

«Түсі игіден түңілме» дейді қазақ ата баласы. «Адамды түр-түсіне қарап күтіп алады, ақылына қарап шығарып салады» дейді орыс ағайын. Сол түр-түс дегені адамның портреті болуы керек. Әдетте радио мен теледидарға сұхбат бермейтін, өзі жайлы жазылған шығармаларды бірде оқып, бірде оқымайтын Әбеннің фотосуреттері көп, дегенмен, сол суреттердің көпшілігінен ағаның кейбіреулердей алға итініп, игі жақсының ортасында қасқиып отырғанын көре алмадық-ау. Ал портрет мәселесіне келсек...

Жалпы студенттік рефераттар мен диссертацияларды қоспағанда, Әбен жайлы жазылған толыққанды көркем шығарма жоқ. Өзі жайлы түсірілген бірнеше деректі фильмдердің жарыққа шығуына рұқсат бермей отырғаны тағы бар. Портрет мәселесіне келсек, оны суретші бауырлары Салахиддин Айтбаев пен Қайырбай Зәкіров салуы керек еді, олардың салған-салмағанын білмедім...

Ал енді қыл қаламмен де, бояулы қаламмен де емес, кәдімгі қара сөзбен салынған мына портретке қалай қарайсыз?

«...Оның ақылман адамдарға тән әдемі бет-жүзінен, түптеп келгенде, ұлттық белгілерден гөрі зерделілік табы айқын байқалып тұрады. Оның көз жасының түсіндей ашық көз жанары уақыты түскірі өзі де байқамай, енді болмаса жалт беріп бостандыққа шығып кетеді-ау деп, жан-жағын тас қамау қоршап тастаған кәрі, кәрі қасқырдың көз жанары секілді.

Оның бәрі-бәрін қалт етпей көріп тұратын көздері мен әлі күнге қуатын жоғалтпаған қайратты бұйра шаштары бір-біріне тіптен де үйлеспейді.

Маған уақыт ойынынан тысқары осындай адамдар ғана ана жақта жер бетіндегі тірлікке еш қатыссыз жаңа тіршілігін қайта жалғастыратын секілді сезіледі...»

Бүгінде орыс арасында абыройлы, қазақ арасында қадірлі Георгий Пряхин атты сыншы Әбен портретін осылай бейнелепті. Георгийдің жазған элегиясының аты да жойқын: «Гранит пен мрамор» деп аталады.

Кім гранит, кім мрамор екенін кім білсін, ал Әбеннің түп бастауының нығыз екені анық.

Апырмай-ай, «ана жақта жер бетіндегі тірлікке еш қатысы жоқ жаңа тіршілігін қайта жағастыратын секілді» деген сөзді есту үшін кім, к-і-і-м болып тууымыз керек? Әрине, Әбен болып...

Менің қызылордалық жазушы ағам Айжарық Сәдібек Әбен жайлы жазған элегиясында Әбене емес, ағасының түп-тамырына деген қадір-күрметін, тіптен бар-ау перзенттік сәғиынын жасыра алмайды. Өйткені өзі де сол ортада туып өскен, өзі де ағасы секілді тегін таз емес қой, таз-тақырға, тас-тақырға құнарлы шөп шықпайтынын білген соң айтатын шығар... Ендеше...

ӘБЕН ЖАСАҒАН ПОРТРЕТ

Әбеннің өзі өмірі көрмеген, бірақ қазақ қауымы жақсы танытын Нұрлан Әбдібек ақын Әбеннің шығармаларындағы кейіпкер портретін қаузаған еңбек жазыпты. Балаң күніндегі сол еңбегінде Нұрпейісовті әлемдегі (иә, әлемдегі) теңдессіз портретші ретінде бағалайды. Себебін сұғғанымда: «Ол кісінің кітаптарында келіп-кетіп жататын

қосалқы кейіпкер бар ма?.. Ол кісі жасаған адам портреті жадында жатталып қалмай ма?» деп, өзіме дүрсе қоя бергені... Не айтам?

Әбен жайлы саликалы сөзді сол Нұрлан бауырыма қалдырып, ағаның көркем шығармадағы портрет жасау тәсіліне ораламын ғой баяғы...

төменгі жағында, сәл нәрсені жактырмай шытына қалатын салқын қабақ астында біртүрлі мүлгігендей боп баяу ғана ашып-жұмып жүретін кішілеу қоңыр көзін сіз шабыт тұтанғанда көрсеніз. Не айтатыны бар, жазу столына отырып, қолына қағаз-қарындаш ұстаса болғаны құдды алар аңын көрген мұздыбалақ қыранша Мұқаннның көз жанары жайнап қоя беретін» (Ә. Нұрпейіс. «Мұхтар Әуезов немесе ұлылық үлгісі»)

Ал Әбеннің көркем шығармаларына келсек... Сәбит Оразбаевтың асқан таланты өмірге Әбен шығармасынан кейін екінші рет келген Сүйеу шал мен халық аузында аңызға айналып кеткен Судыр Ахметті, Сары Шаяны, Көткеншек Көшенді былай қойғанда, Әбеннің Қарақатыны қандай! Сәулетші қауымның Әбе кейіпкерлерінің мүсінін салуға құлшынып тұратыны бекер-бекер емес шығар. Сол ескерткіштің біреуі Ақтөбе қаласында тұр,

бұрылып еді. Көше толған әскер екен, енді мына офицерлерді көріп қорықса да, сырт өңін салмақты ұстады. «Іші-сыртымды бірдей ғып тойып алайын, сосынғысын көре жатармын» — деп ойлады да, алдына келген асты жапырып жеп жатыр еді, әлгінде Рошальдерге тиіскен екі жігіт түрегелді. Шайқалақтап, аяқтарына әзер тұр. Қолтығынан сүйеген қыздардың жанында тәлтіректен кетіп бара жатқан-ды. Бұжыр қараның алдында босап қалған ыдыстарға көзі түсті де, тұра қалды:

— Мәссаған! Азық-түлік неге құрып кетті десем... әй, мына Гаргантюя...

— Гаргантюя, а-ха-ха!..

Кәлен басын көтермей, алдындағы асты іше берді. Қыздарға сүйкімді бір қылығын көрсеткісі келді ме, қылжақ жігіттер Кәленге тап берді.

— Әй, тамыр, тоқта!

Кәлен табақ түбінде қалған қол басындай етті қарпып асады. Ет сіңір екен. Бұл кезде біраз ес жиған Кәлен ішкен астың ақысын қалай төлеудің есебін таппай, шиқылдаған көк жасық сіңірді асықпай шайнап отыра беріп еді, масаң жігіт:

— Мұның аузында бір қойдың еті бар, — деп күлді де, Кәленді қыл өңештен қыса қойды. Әшейін ойнап тұрған шығар деп ойлаған Кәлен қарсыласпап еді, жоқ, алқымынан алған қол өңешін сығып буындырып бара жатқасын:

— Тамыр, қой енді, — деді Кәлен.

Қылжақбас жігіттер қарқ-қарқ күлді. Кәленнің қара бұжыр беті қатты бұзылды. Ертеден бері көзінің қиғын айырмай аңдысып отырған ақ офицерлер есінен шығып кеткен-ді; қылжақбас жігітті кеудеден нұқып итеріп қап еді, ол серейіп құлап түсті. Жұрт тына қалды. Жігіттің мастығы тарқап кетті. Бұжыр қараға бір өзінің әлі жетпесін байқағасын Кәленге енді екеуі екі жақтан жабылып, бір-екі қол сілтеді. Оның ар жағында не боп, не қойғанын жұрт байқамай да қалды. Кәлен шап беріп екі қолымен екеуін жағасынан ұстады да, басын басына сүзістіріп, сарт еткізіп соқты да, итере тастады... Кәлен енді өзінен ешкім ақша сұрай қоймас деп отырғанда, ішке әскерше киінген екі қазақ жігіт кірді. Қолдарында мылтық. Кәлен қозғалмады.

— Айда, тұр, — деді олар келе сала.

— Қайда апарасыңдар?

— Тексереміз.

— Әй, шырағым, мен бір ұзақ жолдан шаршап келе жатқан адаммын. Асымды ішіп, кішкене әл жиып алайын.

— Сөзді қой. Неғып жүрген адамсың, өзінде документ бар ма?

— Орыс болмаса, қазақ өзін қағазға түсіртіп, пагорнайлатып жата ма.

— Ақсақал, сөзді қой! Давай, документ, — деп, қырсық қылғанда мына сары шая икемге келмей кіжіңдеп зықын ала бастады. Кәлен енді кәйтерін білмей дағдарып қалды да, кенет аяқ астынан жадырады.

— Шортснам дейтін жерің еді, құдай қылса кәйтесін. Докмент дедің ғой, сен өзін құлағыңды бері әкелші, — деді Кәлен.

— Ал, не айтасың? — деді шикіл сары. Ұмтылып құлағын тоса берген-ді. Кәлен:

— Докмент пе саған керекі? Міне, документ! — деп, тырнағы өсіп кеткен күректі қолдың бас бармағын екі саусақ арасынан шығарып, «мә, иіске!» дегендей мұрнына тоса қойды...» («Қан мен тер» трилогиясынан).

(Жалғасы бар)



«...Қатты ойланатын бір нәрсе — образ шым көк тастан қашап саландай, көз алдыңыздан кетпей, кесек тұлғасымен баттыып тұрып алуы үшін анық, айқын портрет болуы керек. Сол романда жоқтың қасы» деп, өзінің ең жақын достарының бірі Тахауи Ахтановтың кейіпкер сомдау қолтаңбасын сынай келіп: «Тым құрыса осыдан кейін кейіпкерлерінің портретін толықтыратын басқа бір сипатын көре қап отырсаңыз екен-ау... Жоқ, болып-толғаны осы ғана. Келер жолы да осыларды қайталап, қаһармандарының түр-тұлғасының басқа жақтарын аңғартпай қояды. Тахауи адам жанын нәзік береді, кей жағдайда кісі көзі шалмайтын елбіреген нәзік құбылыстарды езілдіріп беруге шебер-ақ. Сонымен бірге қаһармандарының портретін бояуын қанықтырып берсе, қандай тамаша болар еді!...» («Тұла бойы тұңғышы» 1970 жыл.)

Басқаларға осылай талап қоятын Әбеннің портретші ретіндегі шеберлігі оның көркем шығармаларынан ғана емес, сөйлеген сөзінен, айтқан әңгімесінен, естеліктері мен мақалаларынан да айқын көрініп тұрады.

«...Былайғы өмірде үлкен, ауыр денелі кісінің бар тұлғасында баяулық басым болатын. Жарқыраған кең маңдайдың

Бұл Әбеннің өзі «Мұханды мен аз білдім деп те, көп білдім деп те айта алам» дейтін Әуезов портреті. Осы портретке қарап (оқып емес, қарап) отырып Әбеннің «Мұхтар жолы» деген роман жазбағанына өкінесін. Ал өзі көп жылдар етене араласқан ағалары ше?

«Мұстафин жайшылықта жай ойлайды. Боз кірпік астында ұдайы қалғып отыратын жасаурағыш көзін ашқаннан гөрі жұмғаны көп... Бір ғажабы, былайғы кезде осы бір мейлінше ұстамды, сабырлы кісінің творчествосында түлкіге салған қырандай бұрын қимылдайтын шалттық бар» (Ә. Нұрпейіс. «Возвышая наши святыни»)

«Ол кезде Мүсірепов жас еді, сымбатты еді. Соғыстан соңғы жылдары нашар киінген адамдардың арасынан оның костюмдері мен көйлектерінің мінсіздігі бізді ерекше таң қалдырды. Сыртқы әсемдігіне оның сәл-пәл бәсеңдеу көрінер қимылы, қандай да бір жағдайда да шекара сақтауға тырысатын өзін-өзі сыпайы ұстау үлгісі мен байыптылығы, түптеп келгенде, тек өзіне ғана жарасар маңғаз қозғалысы қандай. Ал анда-санда дегенмен дәл есеппен жасалар қимыл-қозғалысына майда қоңыр даусы жарасып-ақ тұратын» (Ә. Нұрпейіс. «Возвышая наши святыни»)

екіншісі — Қызылордада, үшіншісі Шалқарда қойылмақ.

Өз басым Әбе кейіпкерлерінің мүсін жобаларының бірнешеуімен таныспын. Сәулетші қашауы қанша дарынды дегенмен, Әбеннің қыл қаламына жете алмай жатырау. Иә, иә, мынау — Кәлен... Менің Кәлен көкем... «...ротмистр Рошаль аласа есіктен кіріп келе жатқан бұжыр қара, ірі кісіге көз тоқтатты. Жалғыз бұлар емес, басқалар да алдындағы асын қоя сап, мына бір түрі, түсі бөлек, зор бітімді жойпар кісіге жалт қарады. Ол бірақ өзіне жан-жақтан анталап қараған үй толы кісілердің біріне назар салған жоқ. Бет-аузын жүн басып, шаш өсіп, желкесіне түсіп кеткен. Үстіндегі киімдер де бір түрлі. Қай киімі де өзінікі емес, басқа біреудің үстінен шешіп кигендей. Бұтындағы шалбардың шолтиған балағы сіңірлі жуан сирағының тұсарлығын жабуға жарамай, бура сан балтырдың бұлшық еттері жүрген-тұрғанда бұлт-бұлт ойнайды. «О, ғажап! Мынау нағыз гладиатор ғой», — деді Рошаль зор денелі кісіден назар айырмай отырып...

...Бұжыр қара Кәлен еді. Түрмеден қашып шыққалы бір жеті. Сонан бері кісі-қара көзіне түспей, үнемі елсіз-сусыз жерлермен жүріп, аштықтан әлі құрығасын, бұнда амалсыз



Балалық шақ

“Далакөлде” атағы шыққан үш дикан болды. Олар Қожағұл, Жәміш, сонан соң Тәнеш ағаның әкесі Нұрмахан Оразов еді. Бала Тәнеш әкесімен бірге егін егіп, жүрек жалғады. Он жасқа толған шағында ашаршылық басталды. Бай біткеннің малы тәркіленіп, жер аударылды. Ағайын-туыстар өзбек, қырғыз, қарақалпақ жеріне үдере көшкенін көрді. Бірақ, Нұрмахан ата бауыр басқан “Далакөлден” табан аудармай, қара шеңгелді қақ жарып, егін егіп, бүкіл Оразовтар әулетін асырады. Бидай, тары екті. Кішкене Тәнеш қиындықты серпіп тастап, ерте есейді, зерек болды. Ауылдағы мектепке есейіп барып табалдырығын аттады. Бала жастан құймақұлақ, Тапал ахун, Камаладдин, Жәміш максымдардың өсиеттерін тыңдап, бойына дарытты.

– Осы күнгі “Шіркейлі” ауылындағы орталау мектепте білімді шыңдадым. Алғашында латынша оқудан әріп таныдым, – дейді Тәкең өткен күндерді ойға оралтып. – Бұдан бірер жыл бұрын бәрі көкірегімде сайрап тұрушы еді, мына тоқсан екін ұмыттыратын болды. Кеше көрген адамымды бүгін қай баласыз деуге шықтым. Оқыған кітабымды да ұмытпайтын едім, ұмытшақтық біртіндеп жеңуге айналды. Дүниеде кәрілікке ем жоқ қой. Ұзақ жасау – Алланың сыйы. Ақын Әбділда айтқандай алпыстан кейін әрбір таңды көргенің үшін Аллаға рахмет айт!

Тәнеш аға бірін айтып, біріне кетіп отырды. Содан соң бәйгеге түсер сайыптіктей әңгімені тоғил-те бастады. Құйып қойған қорғасындай ағаның ұлағатты сөзіне таңырқай бердім. Отырыстың ажары, сөзді байыппен бағдарлай тауып сөйлейтін батагөй.

– Балалық дәуір қиындықпен өтті, қарағым. Тоя тамақ ішіп, бүгін киім бізде болған жоқ. Жамап-жасқап қолымызға ілінгенін кидік, қазіргі балалардай ата-анаға салмақ салып, бос селтен мен ұйқыға кет-педік. Оқуды тастамадым, ауылдағы мектептің жеті-жылдығын бітіріп, Ақмешіттегі мұғалімдер даярлай-тын училищеге түсуге бел будым. Ол кезде мұғалім ең қадірлі мамандық еді. Әке-шешем мұғалім бол деп аманаттады.

Ауыл мектебінде бізге Сыр сұлейлері атанған Қуаныш Баймағанбетов, дала академигі Жаңабай Азаматов сабақ берді. Мектеп директоры Әбілқайыр Құлымбетов ағаның “білім – ердің қанаты, оқы!” деген сөзі маған қанат бітірді, жұлдызымды жар-қыратты. Ұстазым Қуаныш атаның олен-жырларын жаттап өстім. Ақын Асқармен жұмбақ айтысын қолдан түсірмей оқушы едік. Өнер, әдебиет жолына түскенде ақын не жазушы болар ма едім...

Иә, арманның алғашқы баспалдағы басталды. Бала Тәнеш педучилищеге түсті. Лезде үшінші курс-ка өтті. Енді бірер айда қолға диплом алып, өзім ұшқан мектебіме мұғалім болып оралам деген ар-манға асығулы еді.

Жаздың жаймашуақ күні еді. Радиодан диктор Левитанның дауысы ұйқымызды шайдай ашты. Жатақханадағы орнымыздан атып тұрдық.

– Герман фашизмі қасиетті Отанымызға басып кірді! – деген сөз жүрекке инедей қадалды, – деп Тәкен ұзақ толқып, сөзін үзіп қалғандай болды. – Содан педучилищені бітіре алмай, бір түнде 1941 жылдың 21 желтоқсанында әскерге жиырмаға жетпей аттанып кеттім.

1941 жылдың 21 желтоқсаны. Түн мезгілі еді. Әскери комиссариаттың алды ығы-жығы адам. Вокзалда қаз-қатар тізілген қызыл вагон. Жылап-шықпаған ата-ана, жас жесір, аға інілер. Мені ауылдан шығарып салған Абзал деген ағайымның жігерімді қайрап, жеңіспен орал, бауырым! – деген қуатты сөзі есімінен кетпейді. Пойызда үш-төрт күн жолда жүрдік. Қай жерге тоқтаймыз, белгісіз. Бәріміздің көңіліміз жабырқаулы. Ауылдан ұзап шықпағаннан ба, әйтеуір қобалжу басылар емес.

Ашхабадтағы күндер

Бұрын аяқ баспаған, ауылдан ұзап шықпаған Ашхабадка келдік. Күні-түні жаттығу басталды. Артық еттен айрылдык, сымдай болып шынықтық. Командирлеріміз бар қиындықты жеңуге үйретті. Сонымен алты ай бойы шынығу оңайға түспеді. Жаяу әскерлер училищесін бітіріп, лейтенант шенінің жұлдызын жарқырата тағып, офицер болып шыға келдік. Сәл-пәл көз ілген боламыз, тағы да жаттығу.

Енді не күтіп тұр? Неміс әскерлері жойқын қаруы-мен көп қаланың құл-талқанын шығарып жатты. Радиодан естілген суық хабар жан түршіктіреді.

Бас штабтан түн мезгілінде бұйрық келді. Тағы да жиырма-шақты вагонға суыт отыру басталды. Тәртіп қатал. 1942 жылдың маусым айында Красноводск, Махачкала арқылы кеменен жүру басталды. Қайда бара жатырмыз? Бұл жағы мүлдем құпия ұсталды.

Сталинград шайқасы

Тәкең өткен күндерді тағы да одан әрі сабақтай түсті.

– Бұл соғыс мүлдем жойқын, нағыз сұрапыл соғыс болды. Күн тәртібінде Дон мен Волга аралы-ғындағы неміс-фашист әскерлерінің стратегиялық

Табиғатында бәйтерек көкке өрлей өседі, тамырын тереңге жібереді. Бұта біткен бәйтеректің көлеңкесінде қалады. Күміс қанат бүркіт атаулы тау басындағы шыршаларға қалықтай ұшып, биік жартасқа ұя салады. Боран-бұрқасынды шыбын шаққан құрлы көрмейді. Ата бүркіт балапандарының қанатын қатайтып, биік шыңдарға еркін ұшуын қадағалайды, шыңдайды.

Менің бүгінгі кейіпкерім де сол қияда өскен қыран секілді. Бойы тіп-тік, жүрісі ширақ, тек сол аяғын сылтып басатыны бар. Әйтпесе, бұл кісіні тоқсанның екеуіне шықты деуге жүрек дауаламайды. Жүзге қарай жол тартып бара жатқан, әскерде 40 солдатқа взвод командирі болған әскери лейтенант.

Иә, Тәнеш Оразов сонау сұрапыл соғыстың ауыр жылдарына жастық ғұмырын жұмсаған құрыш қазақ офицер-лейтенант. Қазір қалада Тәкеңмен өкшелес майдангерлер санаулы. Олар Ыдырыс, Кеңесбай Қалиевтер, Бименді Баймаханов, Тәнеш Оразов. Бұлар төрт бәйтерек секілді. Бүгін біз сол бәйтеректің бірі – Тәнеш Оразов жайлы сыр шертуді парыз тұттық.

БАЙТЕРЕК

тобын талқандау оңайға түскен жоқ. Әуелгі шығынды айтып болмайды.

Бұл соғыс 1943 жылдың 2 ақпанына дейін созылды. Жаудың көздегені Сталинградты басып алу еді. Майдан шебі 530 шақырымға жетті.

Жау Сталинград бағытындағы соғысқа 250 мыңдай адамы бар 18 дивизияны, 740-қа жуық танк, 1200 самолет, 7500 зеңбірек минометтерін жұмсады. Біздің күшіміз бұдан әлдеқайда кем еді. 1942 жылдың 23 шілдесінде генерал Ф.Паулюстің 6-армиясы Сталинград, Астарханды басып алып, Волгада бекіну үшін шабуылға шықты. Қырғын осы жерде басталды.

Дегенмен, жаудың үмітті жоспары ақталмады. Шілде-қараша айларында жау 700 мыңдай армиясы-нан, бір мыңдай танкісінен, 2 мыңнан астам зеңбірек-миноментінен, 1400 самолетінен айрылды. Атақты ген-фельдмаршал Ф.Паулюстің 6-армиясын қоршауға алып, тізе бүктірдік. 1943 жылдың 2 ақпанында ген-фельдмаршал тұтқынға алынды. Бұл соғысқа, яғни біздің даңқты 62-армияның құрамында 3800-дей қазақ болды, 100-ге жуық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Әйгілі 64-армияның құрамында Қазақстанның 29-шы және 38-атқыштар дивизиясы алғы шептен көрінді.

Бұл соғыста Малиновский, Рокоссовский, Ере-менко бастаған генералдар еңбегі тарихта өшпес із қалдырды.

Взвод командирінің әңгімесі

Сталинград шайқасы бізге көп шығын кел-тірді, – делі Тәкен. – Немістің ген-фельдмаршал Майнштейннің армиясы Паулюсті тұтқынынан алып шығудың әрекетін жасап, бізге әскер жағынан көп шығын келтірді. Дегенмен, Майнштейннің армиясын бес күн тоқтатып, шайқас жүргізіп, жолын бөгеп шегіндірдік.

Сталинград жеңісі өшпес із қалдырды. Кеңес әскерлерінің құрыштай бірлігін, әскери мамандардың шеберлігін айқындады. Взвод командирі Тәнеш аға тағы бір оқиғаны тізгінін сабақтай түсті.

– Әскери офицер ретінде мен жалақы алып тұрдым, жалақы – 1500 сом. Сонан соң солдаттарға махорка, ал офицерлерге “Беломорканал” папиросы беріледі. Мен шылым шекпеуші едім. Өзіме тиісті “Беломорды” қызметтес офицерлерге, солдаттарға таратамын. Сол үшін взводтағы әскерилерге “Доб-рый командир Оразов!” атанғаным бар. Бірақ, “Добрый командир Оразов!” атанғаным ұзаққа бармады. Қасымдағылар папиросты шегуге мені үйрете бастады. Алты айдай мұрнымнан түтінін шығара алмай әлектендім. Ақыры үйрендім. Ауылға келген соң отыз жылдай тек “Қазақстан” папиросын шеккенім өз алдына әңгіме. Қазір папирос шегуді қойғаныма 20 жылдан асты. Жүрекке аппарат орнат-қан соң дәрігерлер шылымды қоюға кеңес берді. Жан тәтті гөй, шылымды қойдым.

Бір нәрсені ұмытып барады екенмін. Мұны да айта кетейін.

Ауылда қарт әкем, шешем, жарымжан мүгедек інім қалған еді. Соларға әскерден ораланша тарық-пасын деп ақша салып тұрдым. Солардың сауабы болар, тоқсаннан асып барамын. Жиын-тойда бата беретін мен болдым. Мен болмасам Бөрібай Құл-манов бар, орнымды жоқтатпайды.

Әскери госпитальдағы күндер

Сталинград шайқасынан аман қалып елге оралам деген ойда жоқ еді. Қиын сәттер көп болды. Көптеген жолдастарым қаза тапты. Атын ұмыттым, окопта үш адам едік, бір жерлесім оққа ұшты, екіншісінің қаза тапқанын кейін өрттен қалған қырық-шұрық киімінен ажыраттым. Менің сол аяғымның құл-тал-каны шығып, окопта көміліп қалдым. Ол кездегі әскери медбикелер жанкешті гөй, оқ жауып тұр, оған қарамай еңбектеп келіп, носилкаға салып, Ка-мышын қаласындағы дала госпиталіне жеткізді. Ау-ыр операция бірнеше сағатқа созылды. Бір аяқты кесуге ұйғарым жасағандар болды. Бірақ, бір әскери хирургке тап болдым, (аты-жөнін ұмыттым) “Ора-зовтың аяғын кеспейміз, бұл аяқпен өмір сүреді, қатарға қосамыз!” деп отырып алды. Кеспеді. Әскери хирургтар мықты еді гөй.

Дала госпиталінде ұзақ жатып, Саратовтағы госпитальға ауыстырылдым. Елге қайтатын шығар-мын деген кеудеде қуаныш ұшқындағандай болды. Бірақ, жаралы офицерлерді әскерден босатпау керек деген бұйрық бар деген заң алдымыздан шықты. Мені Тәшкен соғыс округіндегі кадр бөліміне жі-берді. Кадр бөлімі қолыма әскери комиссариаттарға пайдалануға жолдама берді. Жолдама туған жер топқырағынан бұйырды. Шіркін, ауылға қайтардағы сол күнгі қуаныш-ай!..



Қуаныш құшағында

Тәшкен вокзалынан билет алып, Қызылордаға қарай жол тартып келемін. Сағынышта шек жоқ. Туған жер жеткізбей келеді. Терезеден әлсін-әлсін көз тастаймын. Шымкенттен, Түркістаннан асқан кезде Сырдың самал желі есе бастады. Қызылорда вокзалына келгенде күткен ағайын-туыс көшіп келгендей жиналған екен. Ыстық құшаққа бөлендім. Туған жерім – “Шіркейліге” келсем тағы да құшақ ашқан, шашу шашқан ағайында шек жоқ.

Біrer ай ауылда серуендедім. Туған жерде мау-қымды бастым. Жерлесім, Кеңес Одағының Батыры Жаппасбай Нүрсейітовтің ерлігіне қанықтым. Ел еңсесін көтеріп қалғанын байқадым. Әскерден оралғандар біртіндеп көбейе бастады. Той-думан көбейді. Шаңырақтарда қуаныштар жалғасып жатты. Сұлуларға көз салу басталды.

Еңбектің жсанған жылдары

Әскерден оралған жауынгер офицердің еңбек жолы басталды. Әуелі Теренөзектегі әскери комис-сариатта екінші бөлімнің, Арал қаласындағы әскери комиссариаттың бірінші бөлімінде қызмет атқарды. 1946 жылдың маусым айында денсаулығына бай-ланысты әскери жұмыстан босатылып, сауда сала-сындағы сан алуан қызметтің тұтқасын ұстау пеше-неге бұйырды.

Соғыстың соңғы жылдары сауда саласында білікті басшылар аз еді. Саудаға білімі таяз, үш қайнаса сорпасы қосылмайтындар еніп кетіп, талан-тараж көбейді. Облыс басшылары сауда саласын кадрлармен нығайту мақсатында жер-жерден кабі-летті азаматтарды іздей бастады.

Тәнеш Оразовты облыстық тұтынушылар одағы-ның бақылау-ұйымдастыру бөлімінің бастығына ұсыну ұйғарылды. Көп ұзамай Шиеліде, одан соң Арал аудандық сауда саласында басшылық қызметте болды. Облыстық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары болған жылдары өзінің іскерлік қабілеті одан әрі байқалды.

Тәкен бізбен әңгіме барысынада орден, медаль, көп куәліктерін, мақтау қағаздарын жайып салды. Қызыл дипломды көрсетті. “Диплом с отличием” деген қызыл жазуға көзіміз түсті. Мәскеудің Бүкіл-одақтық Жоғары сауда мектебін үздік бітіріпті. Ауылдан білім алған Төкеннің бүкіл сабақ орыс тілінде жүретін мектепте өншен “5” деген бағамен бітіргендігі тағы да таңырқатты.

Мәскеудің сауда мектебін бітірген бойда Арал, Қазалы, Шиелі аудандарында, одан соң облыстық тұтынушылар одағында төраға “Горпицеторг” ди-

ректоры, ұзақ жыл “Главриссовхозстройда” ОРС-НОД бастығы болды.

Тәкеннің іскерлік қабілеті 1977 жылы Қызылорда қалалық тамақтандыру саласында басшы болған жылдары айқын көрінді. Қалада сауда нүктелері жүзге жуықтады, жаңа гастрономдар салынды, көпқабатты үйлер салынғанда төменгі қабаттары түгелдей сауда нүктелері болуы керек деген Тәкеннің ұсынысы қолдау тауып, бастау алғаны бар.

Бірде Тәнеш Оразов Қазақстан Тұтынушылар одағының төрағасы А.А.Царевтің алдына мәселе қойды. Қызылордада сауда техникумын, курстар ашу қажеттігін, кадрлардың сырттай оқуына жағдай жасау мәселесін нақты дәлелмен қозғады. Министр сауда қызметінің қазанында қайнап жетілген, бі-лікті басшының ұсынысын қолдап, арнайы қаулы қабылдады. Көп ұзамай Алматыдағы кооператив техникумына жылына 15-20 жастың білім алуына жол ашылды. Сырттай оқудың өрісі кеңейді, сауда



техникумдары шаңырақ көтерді.

Тәкен туралы экономика ғылымдарының докто-ры Ж.Сарбалаков, Т.Бокаев, Т.Жүсіпов, Б.Асанов, К.Тәжімағанбетов сынды азаматтар жылы лебіз білдіріп, сауда саласының академигі атанған аға-ның шекпенінен шыққандарын әлі күнге дейін мақ-танышпен жиі айтады. Білікті басшының қамқор құшағы деп осыны айтуға болады.

Аға толғанысы

Жақсының жақсылығын айту – парыз. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбектің жұмысты жандандырудағы тынымсыз еңбегіне сүйсінбей болмайды, – делі Тәкен. – Қазір майдангерлерді еске алып, олар жайында кітап шығаруы бұл келер ұрпаққа өсиет, мұра, өшпес іздің баға жетпес ес-керткіш белгісі. Қысқасы, ардагерлер қамқорлық құшағында. Ардагерлер тегін емделеді. Жылына жүздеген жолдамалар арқылы олардың жер-жерде тынығуына жол ашады.

Адам өмірдің қызығына тоймайды. Бүгінгідей сәулетті шакты көру үлкен бақыт. Бәріне шүкіршілік, қанағат ету керек. Бұл өмірimde қиянатта та көрдім, тисе – терекке, тимесе – бұтаққа деп үстімнен арыз жазғандар да болды, бірақ бәрі бопсалаудан тұра-тын, көлеңкесінің өзін қызғанатын, ішіне ине айнал-майтын пенделердің әрекеті еді. Біздің біреуді шал-ғайдан тартпасқа жүре алмайтын әдетіміз бар, содан арылу керек.

Еңбек еткен жылдары ешкімді отқа түсірмедім, қиянат жасамадым, құнықпадым, іскер азаматтарды қолдадым, қорғадым. Мақтауға құмар емеспін. Жолымды кескендердің оңғанын көргенім жоқ, – деп ардагер өткен күндерді есіне алды.

Елдің тәуелсіздігі егеменді елдің бой көтерген шаңырағын одан әрі биіктетіп, Елбасының саясатын бүкіл идеологияға бағыттауымыз керек, – деп ой тастады.

Жан серігім – кітап. Бұл баға жетпес байлыққа бір бөлmemді арнағаным, бүкіл алғыс хат, орден, медальға етнемді бар. Кітапты сүйемін, көк оқимын, “Жұлдыз” журналын 1939 жылдан бері үзбей оқып келе жатқан оқырманымын. “Егемен Қазақстан”, “Сыр бойының” әр нөмірін жібермеймін.

Көп азаматпен сыйластым, сырластым. Айтқыш Қалтай, Орман, ақын Әбіраш, обком басшылары Исатай, Тәкейлермен тұз-дәмдес болдым, Еламан, Аралбайлар туымы бөлек жандар еді. Пазылбек Әб-дірахманов, Жаңабай Азаматов, Омар Әхжоев, Мақаш Қалымбетов, Жұмабай Бәкішев, Ғафур Мұ-хамеджановтармен кездескен сәттерім ұмытпай-ды. Сауда салсындағы ұстазым – Маңдай Тілеу-лиевке әркез тағзым етемін. Азаматтығы, бірсөзділігі, білімпаздығына әлі күнге қайранмын.

Өмір және уақыт

Бір дәуірді бсынан өткізген аға әңгімені одан әрі қозғай берді.

– Өмір шіркін жүйткіп барады. Бәрі есікті ашып-жапқандай болып тұр. Жүзге қарай жол тартып барамын, – деп күрсінгендей болды. Неге күрсінді?

– Елу жүй отасқан сүйікті жарым Бибігүлдің дүние салғанына жиырма жылға жуықтады. Дүниеде жас ұлғайған сәтте сынарынан айрылған қиын екен. Зайыбым атақты Аралдағы Медетбаев, Ерниязовтар әулетінің ұрпағы еді. Екі ұл, екі қыз сүйіп үлгірді. Ал, мен осылардан өрбіген жиырма шақты немере-шөберенің ортасындамын.

– Қазір немерем Темір Оразовтың қолындамын.

Бұл жастай пәни дүниеге аттанған марқұм ұлым Алмастың ұлы, милиция қызметкері, шені майор келінім Динараның ілтіпаты бөлек. Үлкен ұлым Болат Астанада – кәсіпкер, Роза, Гүлсімдерімнің бірі – дәрігер, екіншісі – ұстаз. Бар қуанышым, бақытым осылар.

– Біз соғысқа қатысқан, сиреп қалған май-дангерміз. Басшылардан көпқабатты үйден пәтер сұрағаныма он жылдай болды. Кезек жылжитын емес. Мұң шағуға, сұрампаздыққа баруға ықыласты емеспін. Бұл жаста есік қағып барғанында өтіні-шің орындалса жақсы, орындалмаса шаршап-шал-дығасың гөй, қарағым! Оразовтар отбасы өсіп келеді. Бір пәтер қажет-ақ. Амал не?!

Иә, бүгін майдангер лейтенант, әскерде взвод командирі Тәнеш Оразов аға жайлы біраз әңгіменің басын қайырмайдай болдык. Көп әңгіменің қағазға түспей қалғаны да жетерлік еді. Мұны алдағы жылдың Жеңіс күніндегі сұхбатқа қалдырайық.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтарын нақты белгілеп берді.

Жолдауда мемлекеттік көмек алушылардың барлығы үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімделуге көмектесетін бағдарламаларға қатысуды міндеттейтін ереже енгізу керек екендігі айтылды, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 5-10 адамға арналған арнайы квота енгізу мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

Басымдық талаптарын басшылыққа алып отырған Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының жүргізіп отырған жұмыстарының мақсаты – халықтың барынша жұмыспен қамтылуына жағдай жасау, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қызметтер көрсету, оларды белсенді өмірге тарту. Елбасы айтқандай, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін жағдайға жеткізу, тұрмысы төмен азаматтарға әлеуметтік көмек түрлерін көрсету.

Облыс бойынша 2014 жылы 9500 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланса, бүгінгі күнге 6433 жұмыс орны құрылды Жұмыс іздеуші ретінде жұмыспен қамту органдарына 19107 адам хабарласып, 7402 адам жұмысқа орналастырылды.

Жыл басынан 366 мүгедек тұрақты жұмысқа орналасса, қоғамдық жұмысқа – 226, кәсіптік оқуға – 44, жастар тәжірибесіне – 32, әлеуметтік жұмыс

орындарына 40 адам жіберілді. Ал 18 азамат несие алған. Он екі мүшесі түгел адамдармен бірге жұмыс істеп, еңбекақы алып, жемісін көріп жүрген кемтар жандардың жан жарасынан арылуы үшін жағдай жасау жалғасын таба бермек. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамға етене араласуының өзі – әлеуметтік сала қызметінің бірден-бір жетістігі.

Бүгінде тіршілік жасаймын деген адамға қай жағынан болсын қолдау бар. Осы бағытта дайындалған «Жұмыспен қамту – 2020 Жол картасы» бағдарламасына қатысушы ретінде облыс бойынша жыл басынан 6111



ған жәрдемақысы төленді, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда төленген қаражат көлемі 1,8 пайызға төмендеген. 2189 азаматқа 20,5 млн. теңге атаулы әлеуметтік көмек төленіп, аз қамтамасыз етілген 8044 отбасына 182,2 млн. теңге көлемінде көмек көрсетілді. Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы 18 жасқа дейінгі 49311 балаға 471,6 млн. теңге балалар жәрдемақысы төленді.

Алдымызда тұрған міндеттердің бірі – мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу, олар үшін Қазақстанды кедергісіз аймаққа айналдыру, мүмкіндігі шектеулі жандарға

тын. Аласапыран заманда ата жұртынан алыс кеткен қандастар арасынан соңғы 3 жылда құрамында 505 адамы бар 219 оралман отбасы өңірімізге көшіп келді.

Басқарма тарапынан оралман мәртебесін алу үшін келіп жатқан қандастарға барынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімі Қ.Көшербаевтың бастамасымен аймақта алғаш рет өңірге қажетті мамандықтар бойынша аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге білім беру қызметіне ақы төлеу үшін облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдігі жанынан құрылған студенттерді іріктеу жөніндегі арнайы комиссияның шешімдерімен 2013 жылы 123 студентке, үстіміздегі жылы 240 студентке (232 бакалавр, 8 магистр) облыс әкімінің гранты тағайындалып, білім алуда. Облыс әкімінің грантына негізінен көпбалалы отбасынан шыққандар, жартылай жетім, тұлдыр жетім балалар ие болды. Білімге деген құштарлығы мол, бірақ білімін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі жоқ жастарға осындай үлкен көмек көрсетіп отырған облыс әкіміне грант иегерлерінің ризашылығы шексіз.

Елбасы өз сөзінде «Халықтың 97 пайызы әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын және оның жыл өткен сайын жақсара түскенін айтады. Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады» деген болатын.

Елдігіміз бен бірлігіміз сыналатын маңызды да жауапкершілігі мол жұмыстарды жүзеге асыру – ортақ парыз, абыройлы міндет. Осы тұрғыда басқарма тарапынан ел игілігі үшін талапқа сай жұмыстар жүргізіле береді.

Жазира ЖЫЛҚЫШИЕВА,
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

САЛА ҚЫЗМЕТІ – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

1185 жаңа жұмыс орны құрылды.

Үшінші бағыттың мақсаты – жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу. Нәтижесінде, қайта даярлау курстарына 487 адам жолданып, 159 адам оқуын аяқтады, 96 адам жұмысқа орналасты, біліктілігін арттыру курстарына 181 адам жолданып, 69 адам оқуын бітірген. 2011-2014 жылдары оқу курстарын бітірген 6057 адамның 4740 адамы жұмыспен қамтылды. 633 мекеме, кәсіпорынның әлеуметтік жұмыс орындарына 1938 адам жұмысқа орналастырылды. 1509 жастар 695 мекеме, кәсіпорындарға жастар тәжірибесіне жолданды.

Бағдарлама жүзеге асырылғалы бері 912 адам (187) отбасы қоныс аударып, олардың ішінен 277 адам жұмыспен қамтылды. Қоныс аударушылар жұмыс мәселесінің шешімін тапқанына ризашылықтарын білдіруде. Жыл аяғына дейін тағы да 123 отбасының экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден қоныс аударуы жоспарлануда.

Жыл басынан 59610 аз қамтамасыз етілген азаматтарға 678,4 млн. теңгеге әлеуметтік көмектер және балаларға арнал-

барынша қамқорлық көрсету.

Облыс бойынша мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорына сәйкес 27665 мүгедек болса, өкінішке орай оның 4088-і 18 жасқа дейінгі балалардың үлесінде болып отыр.

Бүгінгі күні қала маңындағы Талсуат елді мекенінде 150 адамға арналған мүгедектерді оңалту орталығы заман талабына сай жұмыс жүргізуде. Қызмет алушылар арасында қос балдақпен, арнайы жүргізу құралымен келіп, өз аяғымен жүріп кеткен жандардың саны көбеюде. Іштерінде мүлдем екі аяғы жансызданып түсіп, бөгде адамның көмегісіз тұра алатындай халге жеткендері де бар.

Орталық жұмысына халықаралық тәуелсіз сарапшылардың оң бағасы беріліп, өткен жылы “Сала көшбасшысы” номинациясын иеленді.

Мүгедектерге санаторий-курорттық емделуге 998 жолдама қарастырылып, олар «Жаңақорған», «Денсаулық», «Taraz Resort SPA» шипажайларында емделуде.

2013 жылдың шілде айынан бастап оралмандар мәселесімен айналысу толығымен басқарманың құзырына берілген бола-

● АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

КЕШЕНІ БҮГІНГЕ, БҮГІНДІ ЕРТЕҢГЕ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАЛҒАЙДЫ

Өмір керуенінің тоқтаусыз алға жылжитыны да, әр заманның өз жаңалығын ала келетіні де анық. Таудың басын қар басады, көк шеп те солады, өзенге де мұз катады, жаңа көнереді, жас қартайды..., бұл табиғи заңдылық болғанымен өзгермейтін бір қағида бар, ол – ежелден келе жатқан алтын арқаудың, елдіктің алтын жібіннің үзілмеуі. Сол жерді мекендеген халықтың өз тілінен, ділінен, дінінен ажырап қалмауы. Бұл орайда елімізде нақты өмірмен ұштастырылып жатқан шаруалар мен шаралар ұшан-теңіз. Десе де, осы тұрғыда алдыңғы толқын ағалардың, күні кешелері алды – от кешкен, соңы – кеңестік жоспарлы экономиканың аясында еңбек еткен аға ұрпақтың айтары мен көрсетер үлгісі әлі де мол екендігін біз еске салуға тиіспіз. Сондай игілікті шараның бәрі жанында Шиелі ауданында өтті.

– Бір шеті Арал, екінші жағы Жаңақорған аралығындағы жеті аудан мен облыс орталығы Қызылорданың ардагер өкілдерінің басын қосып жиын өткізудегі, семинар-кеңес жасаудағы мақсатымыз – күні кешеге дейін жұмыс істеп, белі бүгілгенше еңбек еткен адамдардың жасы келген кезде ұмыт қалмауы, қоғамдық өмірден шеттетілмеуі, бейнетінің зейнетін, рахатын көруін қалыптастыру болса, осы істерге мұрындық болатын бастауыш ардагерлер кеңесінің жұмысын жандандыра түсу. Оның бұқаралығын арттыру, кейінгі жастарға үлгі боларлық тұстарын насихаттау, – деді қоғам және мемлекет қайраткері, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов.

Семинардың барысында кейінгі буынға үлгі болар біраз мәселе қамтылды. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін насихаттау, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге жөн сілтеу, үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсету, салауатты өмір үлгісін ұстанатындардың мол болуына әкімшілік орындарымен бірлесіп тізе қосып әрекет жасау жайында мағыналы әңгіме өрбіді.

Сейілбек Шаухаманов бастаған құрметті қонақтарды Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев, аудандық мәслихат хатшысы Әшім Оразбекұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Оразымбеков Сұлутөбе ауылының тұсында күтіп алды. Олардың жанында ауданға сыйлы ақсақалдар мен мекеме басшылары, өнерпаздар болды. Талантты жас ақын Ержан Әміровтің арнауы көп көңілінен шығып, бүгінгі жиынның түсіністікте, мерекелік көңіл-күйде өтетіндігін білдіргендей. Аудан әкімі өз сөзінде ардагерлердің семинар-кеңесіне сәттілік тіледі.

Семинардың алғашқы жұмысы Сұлутөбе ауылындағы Мұстафа Шоқай атындағы №41-ші орта мектептің бастауыш ардагерлер ұйымының іс-тәжірибесімен танысудан басталды. Мұнда әрбір ардагерге анкета толтырылып, олардың отбасы, табысы, қандай әлеуметтік мұқтаждыққа зәрулігі бар, тағы да нендей көмек керектігі әлеуметтік карталарында көрсетілген. Қоғамдық белсенділігі, өнерге бейімділігі жайлы деректерді де осы жерден табуға болады. Бұл ардагерлер кеңесінің атқарушы орындармен тікелей байланыста болып, жанды жұмыс істеуіне жол ашары анық. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы бүгінгі жиынның мақсатын айта отырып, алдағы жоспарлар туралы да еске салды. Өз кезегінде Сұлутөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ералы Жұмаділов ауылдағы ардагерлердің араласуымен атқарылып жатқан істерге тоқталып, ауызбірлік, ынтымақ жолында ақсақалдардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруының ерекше мәні бар екендігін айтты.

Керделі ауылдық округінде облыс ардагерлерін белгілі жырау, Нартай мұрасының шырақшысы Құрманбек Бекпейісов бастаған өнерпаздар ән-жырмен қарсы алса, осындағы Нартай Бекежанов атындағы мұражай қызметкерлері де есіктерін айкара ашып, қонақтарға ежелгі жәдігерлерді таныстырды. Осыдан соң Н.Бекежанов атындағы

№ 156 мектеп бастауыш ардагерлер ұйымының басқа орталықтармен байланысы сөз етілді. Онда оның төрағасы, ардагер ұстаз Абай Бауқенов хабарлама жасады. Ардагерлердің бас қосатын орны, шахмат-дойбы ойнайтын, әңгімелесетін бөлмелері жабдықталған. Басқа да мүмкіндіктердің қолайлы етілуіне ауыл мен мектеп әкімшілігінің ұйытқы бола білгендігі көрініп тұрды.

Сөз басында айтылғандай, халықтың дәстүрді насихаттау барысында 95 жасқа келген Еңбек Ері Шырынқұл Қазанбаева шөбересін бесікке салса, Ұлы Отан соғысының ардагері Сәрсенбек Байжанов ауыл тұрғындарымен кездесіп, Жеңістің 70 жылдығына дайындық барысын сөз етті. Ардагерге сый-сияпаттар жасалып, лайықты құрмет көрсетілді.

Ал Көкшоқы шағын ауылындағы спорт кешенінде ардагерлер спорттың бес түрінен сынға түсіп жатса, осындағы «Ғарыш» мәдени орнында Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері Ә.Палымбетовтың құрметіне биылартан жарыс өтті. Осы күні орталық аурухана ардагерлері кеңесінің жұмыс тәжірибесі ортаға салынып, оның төрағасы Аманкелді Әбдірахмановтың хабарламасы тыңдалды.

Семинар-кеңес аудан орталығындағы Салтанат сарайында қорытындыланып, Шиелі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Оразымбетовтың баяндамасы тыңдалды. Жарысөзге қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Әбдіхалық, Жалағаш және Сырдария аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары С.Әлиев пен Х.Әбенұлы шығып сөйледі. Семинарды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Шаухаманов қорытындылап, бұл жиынның мәнді өтуіне септік жасаған, аудан әкімі мен ардагерлер кеңесі басшыларына ризашылық сезімін білдірді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

АРДАГЕРЛЕРДІҢ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕСІ

Жалағаш ауданының орталық стадионында қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар шараларды ұйымдастыру аясында аудан ардагерлерінің дәстүрлі IV спартакиадасы өткізілді. Осынау дүбірлі доданы өткізудегі басты мақсат – аудан ардагерлері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, спортпен шұғылданатын ардагерлер қатарын көбейту.

Салтанатты сайысты аудан әкімі Талғат Дүйсебаев құттықтау сөз желісімен ашып, ардагер спортшыларға сәттілік тіледі.

Шараға аудан аумағындағы елді мекендерден 14 команда жасақталып, 128 спортшы бақ сынасты. Сайыс спорттың арқан тарту, қол күресі, 2000 метрге жүгіру, тағы басқа түрлерінен өткізілді. Жиналғандар спортқа жаны құмар, ширақ қимылды ардагерлердің шеберлігіне тәнті болды. Ардагерлер спорт денсаулық кепілі екендігін тағы бір дәлелдеп берді. Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Ақсу ауылы ардагерлері бас бөйгені қанжығаларына байласа, 2-орынды Қаракеткен, ал, 3-орынды Мырзабай ахун ауылы ардагерлері иеленді.

Байрақты бәсекеде өз шеберліктерімен көзге түсіп, аламанда оза шапқан жарыс жеңімпаздарын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев құттықтап, жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен қаржылай сыйлықтарын табыстады.

Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.
Жалағаш ауданы.

МҰНАЙШЫЛАР СПАРТАКИАДАСЫНДА



Қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде қазақстандық мұнайшылар мен еліміздегі мұнай-газ кешені қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін кеңінен атап өткені белгілі. Міне, осы төл мерекеден соң іле-шала, яғни 22-25 қыркүйек күндері Қызылорда қаласында «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары жұмысшыларының арасында дәстүрлі ІІІ спартакиада болып өтті. Аталған компания жыл сайын өткізетін бұл шара биыл «КазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 10 жылдың мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

Айта кетейік, еліміздегі үш ірі мұнай компаниясының бірі болып табылатын «КазМұнайГаз» БӨ» АҚ түрлі сайыстарды өткізуді дәстүрге айналдырған. Мәселен, аталған компанияға қарасты енбек ұжымдары арасындағы алғашқы спартакиада елордамыз Астанада,

екіншісі өткен жылы Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласында ұйымдастырылған еді. Ал, биыл бұл спорттық шара облысымыздағы белгілі мұнай компанияларының бірегейі – «КазГерМұнай» БК» компаниясының базасында өтті.

«КазМұнайГаз» БӨ» АҚ компаниясы дәстүрлі спартакиададан бөлек жыл сайын өзіне қарасты енбек ұжымдары арасында кәсіби мамандардың шеберлік сайысын да өткізіп тұрады. Оқырманның жадында болса, аймақтық «Үздік маман-2012» кәсіби шеберлік байқауы тұңғыш рет 2012 жылы Маңғыстау облысында өткен-ді. Салада енбек ететін жұмысшы мамандардың мәртебесін арттыруға арналған дода 2013 жылы Сыр бойының бас қаласы – Қызылордада ұйымдастырылғаны белгілі. Жергілікті мұнайшылардың жеңісімен есте қалған сол шарадан кейін өтіп отырған дәстүрлі спартакиадада қазгермұнайлықтар намысты қолдан берген жоқ. Мықтыларды анықтаған бес күндік доданың нәтижесімен жалпыкомандалық есепте бас кубокты Қызылорда облысының «КазГерМұнай» компаниясының мұнайшылары жеңіп алды. Өрине, жерлестерімізге бұл жеңіс оп-онай келе қалған жоқ.

Газетіміздің өткен нөмірінде хабарлағанымыздай, Сыр өңірінде жалауын көтерген мұнайшылардың спорт сайысына Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары мен Астана және Орал қалаларынан енбек ұжымдары келді. Дәстүрлі спартакиада бес күнге созылып, бейсенбіде мәресіне жетті. Осы бес күн бойы сала қызметкерлері волейбол, баскетбол, шағын футбол, бильярд, үстел теннисі, үлкен теннис, суда жүзу, жеңіл

атлетика, шахмат секілді спорт түрлерінен бақ сынасты. Ел мұнайшылары спорттың ұлттық түрлерін де ұмыт қалдырған жоқ. Атап айтқанда, қазақша күрес және тоғызқұмалақтан да жарыстар өткізілді.

«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары, атап айтсақ, Атырау облысынан «ЕмбімұнайГаз» АҚ, Маңғыстау облысынан «ӨзенмұнайГаз» және «ҚаражанбасмұнайГаз» акционерлік қоғамдары, өзіміздің «КазГерМұнай» БК» серіктестігі, «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы», сондай-ақ елордамыз Астанадағы «КазМұнайГаз» БӨ» АҚ орталық аппараты мен «Инженерлік орталық», ал, Батыс Қазақстан облысынан «Урал Ойл Газ» ЖШС және «Карповский Северный» ЖШС, «Барлау активтері» серіктестіктерінің құрама командалары (барлығы 300-ден астам мұнайшы) өзара бақ сынасқан сайыста «казгермұнайлық» спортшылар асқан жігерлілік таныта білгенін ерекше атап өту керек.

Алғашқы күні Г.Мұратбаев атындағы орталық стадионда желаяқтар жарысы өтті. 100 метрлік эстафетада біздің екі оператор мен гидролог және инженер-геофизик мамандарымыз алғашқы орыннан көрініп, ә дегеннен алтыннан олжа салды. Мұнайшы-спортшыларымыз үстел теннисі мен «Сейхун» спорт кешенінде ұйымдастырылған суда жүзу жарысында да алдарына жан салмады. Ал, үш салмақ дәрежесі бойынша қазақша күрестен өткен сайыста жерлестеріміз 1 күміске қол жеткізсе, шағын футболдан өткен турнирде медальсіз қалды. Есесіне, қазгерліктер спорттың командалық түрінен өткен жарыстарда тамаша өнер көрсетті. Атап айтсақ, волейболдан біздің ерлер мен

қыздар командасы жеңіс тұғырынан көрінді. Сондай-ақ, баскетбол мен тоғызқұмалақтан өткен жарыста команда алтын медаль иеленді.

Жанкүйерлер қауымы спорттық додада нағыз жауынгерлік рухты танытып, жалпыкомандалық есепте көш басынан көрінген мұнайшы-спортшылардың ойынына тәнті болды. Дәстүрлі спартакиаданың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанына алғыстарын білдіріп жатты. Сонымен қатар, спартакиаданың төрешілер тобына да ризашылықтарын жеткізді.

Бейсенбінің кешінде «Еуразия» спорт кешенінде салтанатты жиын өтіп, осы кеште жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды. Айта кетейік, бұл тамаша сәтті Ақшабулақ және Нұралы кеніштерінде вахталық тәсілмен енбек ететін «КазГерМұнай» компаниясының мұнайшылары да тікелей желі арқылы көруге мүмкіндік алды.

Бес күнге созылған спорттық сайыста «КазГерМұнай» БК» ЖШС қызметкерлері жалпыкомандалық есепте бірінші орынды жеңіп алып, спартакиада кубогын иеленді. Осылайша, бірлігі жарасқан ұжым Сыр бойы мұнайшыларының мерейін тағы бір аспандатты. Келесі жұлделі орынға осыған дейін өткізілген екі спартакиада да жеңімпаз болып танылған маңғыстаулық «ӨзенМұнайГаз» АҚ спортшы-мұнайшылары табан тіреді. Енді бұл дода елдің жадында жергілікті мұнайшылардың жеңісімен есте қалатын болды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Игорь ТИТЕНОК (сурет).



«ҚАЗГЕРМҰНАЙЛЫҚТАР» ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



Достықты жоспарлап, белгілі бір мақсатпен дос болу мүмкін емес, болған күнде де ол баянды бола бермейді. Ол – бір мезгілдік, бір кезеңдерде ғана болатын құбылыс. Бірге өскен, бірге оқыған, бірге қызметтес болғанның бәрі бірдей дос бола бермейді. Достық – өмірдің өзі табыстыратын тағдырдың ісі. Балалық балдәурен – барлық адамның басын-да болатын шак. Бізді де сонау балалық шақтан-ақ таудай талап, балалық қиял-ғажайып, асқақ ар-мандар достастырған болатын. Осы балалық сезім берік сенімге айналды, осы уақытқа дейін жұбымыздың жазылмауы бір-біріміздің қадірімізді білгендігіміздің арқасы ғой деп ойлаймын. Қайда жүрсек те, қандай жағдайда жүрсек те, достық пейілімізге алғау түскен емес. Мен мұны Уалидің досқа адалдығынан деп түсінемін, қазақ бұны дініне берік деп де атайды.

ДОС РУХЫ ӨШПЕЙДІ

Уалидің ішкі жан дүниесінің, рухының биіктігі мен беріктігіне талай рет көзім жеткен еді. Соның бірі, тоқсаныншы жылдарда халықтың басына түскен ауырtpпалык кезінде, әсіресе ауыл халқына зіл батпандай тиген кезде Уали сыр білдірмей шыдап бакты. Тұрмыс тауқыметі небір сынақтан өткізді. Мал да бакты, егін де екті, бейнеттің түр-түрін бастан кешті. Біздің достарымыздың ішінде бір Аллаға сыйынып, Хақ жолы-на алғаш ниет еткен де Уали болды. Құдіреті күшті Құдай тағала пендесінің шын берілген ақ жолын қолдап, тілегін берді. Балалары оқуын бітіріп, тіршіліктерінің сәтін салып, тұрмысы жөнделе бастады. Бауырлары мен балаларының арқасында қалаға көшіп келді, жоғы түгелденді.

Ұлы неміс философы Гегель: «бақытсыз сана» өмірдің мәнін таба алмай қиналған адамға тән құбылыс деуінің мәнісі мынада болса керек. Бақытсыз санадан арылудың жолы – Құдайды тану, рухты нығайту, қабилеттерді, мінез-құлықты, мүмкіндіктерді дамыту, әлсіздіктен құтылу, яғни өзін-өзі тану. Осындай психологиялық құбылыстардың Уалидің басынан өткендігін, ішкі арпалыстардың нәтижесінде белгілі бір сенімге ие болғанын оның бойынан мен көптен бері аңғарған едім. Адамның өзін-өзі тазарту жолы – азапты, ауыр жол. Кіршіксіз тазалыққа жету үшін оның ойында, сөзі мен ісінде әділдік болып, келеңсіз құмарлықтардан, жат мінез-құлықтардан жоғары тұруы керек. Адам күніне мың құбылатын пенделердің ортасында өмір сүреді, сондықтан пенделіктен сақтану қиынның қиыны. Уекең осындай қиындықтарды жеңіп, Хақ жолында өзін-өзі тазарта білген рухы биік жан бола білді.

Адам өмірінің мәні руханилықпен тығыз байланысты, өйткені адам – ақыл-ойы бар әлеуметтік жан. Ғұлама ғалым бабамыз әл-Фараби адам бойындағы жетпейтінді жетістіретін тәрбие ісі деп тұжырымдайды. Ендеше адам руханилыққа тәрбие арқылы ғана жете алады. Бұл тұрғыда да Уали досымының жолы болған еді, себебі ата-анасы Жаппасбаев Қайырбек ағамыз бен Қалдыгүл анамыз ұстаздар болатын. Осы бір ұлағатты ұстаздардың арқасында Жаппасбаевтар әулиеті білімді де мәдениетті зиялылар әулиетіне айналды. Қайырбек ағайдың теориялық білімі мен әдістемелік шеберлігінің арқасында мен тарих пәнінен бестен басқа баға алып көргенім жоқ, мұғалім құдіреті дегеніміз осы шығар... Ал Қалдыгүл апайдың бойынан мен ес білгелі артық-аспай сөз де, мінез де байқаған емеспін. Тәртіптіліктің үлгісін көрсетіп тұрған адамның алдында оғаш мінез көрсетуге үлкеннің де, кішінің де шамасы келмейтін. Бұл ойлар өткен ғасырдың 50-60-жылдары кеңес заманынан қалған елестер еді. Бұрынғы үкімет еңбекші бұқараның үкіметі болды. Қарапайым халыққа мүмкіндігінше жағдай жасағанымен, рухани өміріміз бен мәдениетіміздің кемшін тұстары әлі жетіле қоймаған еді. Осы кезде осы кісілер ауылдастарына, олардың балаларына заманына сай тұрмыс мәдениетін, өмір сүрудің этикалық нормаларының үлгісін көрсете білді. Бұл жағдайлар жадымызда күні бүгінге дейін сол күйінде сақталуда. Бала тәрбиесіне ерекше мән беретін отбасында күн режимі қатаң сақталатын. Біз Уалимен белгілі бір уақатта ғана ойнай алатын едік. Бұл жағдай әсіресе

маған қатты әсер ететін, себебі мен біреудің жалғыз баласы болғандықтан, режимсіз, қалауымша өмір сүрген едім. Бұл жағдайлар, түрлі оқиғалар бізге өмірлік сабақ та болды.

Тәртіпке негізделген тәрбие бұл әулеттің балаларын еңбекшіл, тәртіпті, білімді етіп шығарды. Тұла бойы тұңғышы Алматы ағамыздан бастап, барлығы да жоғары білімді мамандар болып, өздеріне тең жарларын тауып, үбірлі-шүбірлі отбасылы атпал азаматтарға, қазір өздері де бақытты ата, енелерге айналған. Бала кезден қанға сіңген еңбекшілдік, ғылымға деген құштарлық Ұзақ Жаппасбаевты ғылым докторы, профессор, академик дәрежесіне жеткізді, ғылым қайраткері етіп қалыптастырды, елдің мақтанышына айналды.

Өткен ғасырдың 60-жылдары жұрт етек-жеңін жинап, білімге, оқуға ден қоя бастады. Мектеп

бітіруші оқушылар түссін-түспесін жоғары оқу орындарына түсуге талаптанатын. Конкурс өте жоғары болғандықтан, оқуға түсу өте қиын еді. Осындай кезле Уали әуелі зоовет институтқа түсті, кейін денсаулығына байланысты бір-екі жыл оқудан қол үзуге тура келіп, ауылшаруашылық институтына түсіп, агроном мамандығын алды. Сол кездің өлшемі бойынша екі рет институтқа түсу сапалы білімді қажет ететін ерлікпен тең оқиға болатын. Сырдария ауданының екі шаруашылығында: Киров пен МИС (ауылшаруашылық техникаларын сынау станциясында) бас агроном болып абыройлы қызмет

атқарды. Уалиден кейінгі інілеріміз: Әділ, Жомарт, Сәкен белгілі кәсіпкерлер, Талғат Қазақ-Қытай компаниясының бас есепшісі. Уалидің алтын асықтай өз балалары Ербол – Алматы қаласында белгілі кәсіпкер, Нұрбол – мемлекеттік қызметкер, қыздары: Гүлзада отбасылы, Гүлбану – мемлекеттік қызметкер. Жаниса жеңгеміз бастаған келіндер қауымы Жаппасбаевтар әулетінің шаңырағын биіктеткен, берекесін келтіріп отырған аяулы жандар, бұл да болса Құдайдың берген несібесі болар.

Бақытын бала тәрбиелеуден тапқан осы бір қазақтың қарапайым отбасының тыныс-тіршілігі біздің елге үлгі болған еді. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын деген де осы емес пе?...

Құрдастардың көңілді бір отырысында шектен шығыңқырап кеткен әзіл-оспақтың тұсында марқұм Уали былай деген еді: «Тәннің шаршайтыны тәрізді жүрек те шаршайды. Сондықтан оны қызықты хикметтермен дем алдырыңыздар! Себебі, жүрек зарықса, тас соқырға айналады» – деп риаят етілген Хазірет Әлидің уәжін ескертіп еді.

Музыка тыңдауды ұнататын адамдарға жақсы музыканы, мағыналы әуенді әндерді тыңдауға кеңес беру керек, жаман музыка адамның ішкі дүниесін лайлайды. Сондықтан пайғамбарымыз (с.а.у.) Ибн Аббастан риаят етілген Хадисте: «Дінде шектен шықпаңдар! Себебі, дінде шектен шығу сендерден бұрынғыларды да құрдымға кетірген», – деп Уекең тәубаға келтірген еді. Жауапкершілігі ауыр, тағылымы мол хадистерді әр кез жадымызға салып отыратын еді.

Уақыт, шіркін, көзді ашып-жұмғанша дегендей, қадірлі досымыз Уәли Жаппасбаевтың да арамыздан кеткеніне бір жылға таяп қалыпты. Әулие сөзінің өзі араб тілінде «Уали» – жакын, дос деген ұғымдарды білдіретін сөзден шыққан екен. Құран мен Хадисте «Уәли» және «Әулие» есімі Алланың сүйікті пенделері, құлдары, достары деген ұғымды білдіреді.


Уәке, о дүниелік азығыңды осы дүниеде жасап кеткен жансың ғой, Алла алдыңнан жарылқасын, алдың пейіш, артың кеніш болсын. Көрмеген қызығыңды артыңда қалған жарың Майра мен балаларың, бауырларың көрсін!

Махан БЕРЖАНОВ,
ардагер-ұстаз, ҚР халық ағарту ісінің
озық қызметкері.
Қызылорда қаласы.



ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

КҮНГЕЙГЕ БЕТ АЛҒАН КЕРУЕН



Қазақ елінің тарихындағы қасіретке толы беттердің бірі – 1931-1933 жылдардағы ашаршылық апаты. Кеңестік тоталитарлық жүйенің үстемдік құрған шағында, XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқына қолдан қиянат жасалды. Тарихшылардың айтуынша, оның астыртын құпия себептері болған. Мысалы, дәстүрлі қоғамда өмір сүріп келе жатқан қазақ халқының мал-мүлкіне өкімет алдымен 1928 жылы тәркілеу жүргізді. Мұның соңы халық наразылығын тудырып, олардың көтеріліске шығуына, қырылуына, одан кейін ашаршылыққа ұрынып, босқан қазақ жұрты алыс және жақын шетелдерге шұбыра көшуіне ұласқаны тарихтан жақсы белгілі.

Кеңестік қызыл империяның өктем саясаты кесірінен кезінде Сыр бойындағы қалың жұрт та атамекенді тастап көшуге мәжбүр болды. Солардың қатарында Шиелінің Тартоғай атты шағын ауылынан үдере көшкен жұрттың ішінде Смайылұлы Бекбай да бар еді. Бүгінгі таңда 100 жасқа келіп отырған Бекбай ата ұрпағының қазіргі таңдағы үлкені Дүйсенқұл Бекбаева апамыз қазір Шиелі кентінде тұрады. Дүниеден өткеніне ширек ғасырдан асқан әкесі жайлы апай былайша толғанды:

– Үлкен әкеміз Смайылдан екі ұл тарайды: әкем Бекбай 1914 жылы, ал інісі Аманжол көкем 1933 жылы туған. Қиыншылық заманда туған балалары шетінен шетінеп кете берсе керек, тек екеуі ғана тірі қалады, – деп апа әңгіме бастады. – Әкем Бекбай ағайын-тумасын төтеннен келген нәубеттен сақтап қалу үшін жанталасады. Елді жаппай ашаршылық жайлаған кез. Ол 1932 жылы Тартоғайдан туыстарын алып, Өзбекстанның Наманган жағына қарай ауа көшеді. Қайратты жігіт 16 жасынан бастап керуеншілерге ілесіп, кіре тартқан екен. Сол себепті, жүрер жолы жақсы таныс. Өзбек елінде адалдығының арқасында ортасына сыйлы болып, ағайындарын, отбасын осы кәсіппен асырапты. Мұны әкемнің інісі Аманжол көкем айтып отыратын.

Бірде кезекті сапардан келсе, май шамнан өрт шығып, үйде қалған інісі Аманжолды күйік шалған. Осы оқиғадан соң шешесінің айтуымен 1947 жылы туған елге, Сыр өңіріне қайта оралады.

Қазақтың текті жерден қыз алғысы келетіні тегін емес. Әкем қалыңдық таңдау жайын ұзақ ойланса керек. 1948 жылы Сұлутөбеге құда түсіп барып, анамыз Нәзенді айттырып алған екен. Анамыз Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған майдангер Жандияр деген қадірлі кісінің қызы еді.

Нағашыларым да өсіп-өнген жандар. Нағашы атам Жандиярдың Айымторы, Сейсенбек, Нәзен, Сән атты балалары болған. Үш қызы да үйлі-баранды болып, отанда тұрып, өтті өмірден өтті. Нағашым Сейсенбек 10 перзент сүйген елге белгілі азамат, теміржол саласының ардагері еді. Заманында еңбегі бағаланып, «Ленин» орденін төсіне таққан жан. Балаларының бәрі жоғары білімді азаматтар. Ұрпақтарының дені әке жолын қуып, теміржол саласында абыроймен еңбек етіп жүр.

Анамыз Нәзен өте еңбеккер жан болды. Біз 8 ағайындымыз. Оның 5-і ұл, 3-і қыз бала. Ол қыздарын колөнерге тәрбиеледі. Ардақты ата-анымыз шаруашылықтың жұмысынан басқа, жазда шөп орып, күзде отын шауып, бейнет кешіп жүріп жеткізді бізді. «Тазалық табалдырықтан басталады» дегенді жасымыздан үйретті. Біздің отбасының балалары еңбекпен шындалып өсті. Шүкір, онан жаман болған жоқпыз. Қазір ойлап отырсам, қыз баланы ізетті, инабатты, ісіне көркі сай шебер етіп тәрбиелеу, сыйлау халқымыздың қанына сіңген қасиеттің бірі екен. Дана халқымыз қыздарын құрметтеп, киімнің сәндісін, бұйымның жақсысын, ер-тұрманның әшекейлісін соларға тарту еткен. Әкем жолға шықса, маған ормал, көйлек әкеліп беруші еді. Бір жолы әкемнің шешен досы маған Мәскеуден капрон орамал әкелді. Елдің бәрі ұстап көріп таңғалды. Әкемнің «замокты хром» етікті әкеліп тұрып: «Біз кимеген етікті сен ки, балам!» дегені әлі есімде. Осылайша, мұндай тәуір киімдерді ауылда бірінші болып мен кидім. Жалпы, қыз баланы құрметтеп, жақсы көру әкеміздің басты қасиеті болды. Әкем бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, мейірім шуағын төге білді. Ал, кесте тоқу, жүн түтіп, тігін тігу, тіпті алаша, кілем тоқу секілді керек істі біз анамыздан үйрендік. Шешеміз қыс бойы түнде май шамның жарығымен жүн ііретін. Оны көктемде бояйды. Онан текемет басады. Бәріміз осы істі атқарып отырғанда «Мұрнынан моншақ түседі» дейтін. Біз соған сенетінбіз. Қайран, балалық-ай, қазір соның бәрін сағынышпен еске аламын.

Әкем астарлап, жұмбақтап сөйлейтін, аса салмақты кісі еді. Елге жайлы, қадірлі жан болды. Балаларына ешқашан зекіп, ұрысқан емес. Ең ауыр сөзі «Әй, тілеуңді бергір» еді. Жарықтық, «Дарақ бір орында тұрып көгереді» деп отыратын үнемі. Ашаршылық жылдардағы көрген қиындығы туралы бізге жақ ашпайтын. Жалғыз інісі мен анасын елге әкелгеніне шүкіршілік ететін. Бауыры Аманжол екеуі кейінге дейін енші бөліспеген адамдар. «Біз екеуіміз түйенің өркешіндей болып қатар өскенбіз» дейтін. Ал, 10 перзент тәрбиелеп өсірген Аманжол көкем осыдан 1 жыл дүниеден озды. Әкем туралы көп білетін ағайынның үлкені осы көкеміз еді.

Балаларының үлкені, 1949 жылы туған ағам Қыдырбай Қызылорда қаласында оқып жүріп 1968 жылы тосыннан мерт болды. 18 жасқа шыққан тұңғышының қазасы балажан әке-шешемізге аса ауыр тиді. Үндемей шағыл құмның арасына кетіп қалатын мінез шығарған. Көршілердің бірі «Құмның ішінде не істеп жүрсіз?» деп сұраса, «Шерімді тарқатып келе жатырмын» дейді екен. Ташкенттің маңындағы ауылдардағы ағайынға қыдырыстап барса да бізді ертіп жүретін болды. Перзенттерін жанынан шығарғысы жоқ. Менімен тете өскен інім Қаржау екеуімізді жыл сайынғы қойшылардың мерекесіне ертіп апаратын. Егер бізді апара алмаса, сырттан көрген-білгенін дастарқан басында тәптіштеп айтып отырушы еді марқұм. Бұл да тәрбие екен.

1962 жылдан бастап Ташкент облысындағы ағайындарымыз елге көшіп келе бастады. Көштің соны 1982 жылға дейін жалғасты. Осылайша, 1932 жылы ашаршылықтан қашып, жыраққа кеткен ағайын-тумалар араға 50 жыл салып елге бір қауым ел болып қайта оралды. Ташкенттің Янгиюль ауданынан көштің соңын ала Пірназар көкем бастаған 40 отбасы көшіп келді. Сол кезде әкемнің қуаныштан көзіне жас алып, бұны көргеніме де шүкір дегені есімде.

Бекбай Смайылұлы 1947 жылдан 1962 жылға дейін Тартоғай ауылында әртүрлі қол жұмысын істеді, құрылыста еңбек етті. 1962 жылдан бастап «заготовитель», яғни, елден төрт түлік малдың терісі мен жүнін жинайтын агент жұмысын мойнына алып, зейнет жасына келгенше соны абыроймен атқарды. Бұл үлкен қызмет емес, десе де, ауыл тұрғындарына сыйлы болып, елдің қадірменді ақсабалы атанды. Қарапайым ғана ғұмыр кешкен анамыз 1987 жылы, араға жыл салып, яғни 1988 жылдың 20 қазаны күні әкеміз дүниеден озды. «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген қанатты сөз бар жұртымызда. Біз шын мәнінде таза, фибратты өмір сүрген әкемізді еш уақытта ұмытпаймыз.

Дүйсенқұл апаның әңгімесінен соң қу далада керуенге еріп бара жатқан қол басындай баланың бейнесі көз алдымда тұрып қалды. Содан қанша азапты жылдарды артқа салып, Бекбай ата әулетінің ардақтысына айналды. Ал баяғы керуен бүгінгі бақытты ұрпағын ертіп, күнгейді бетке алып жол үстінде әлі кетіп бара жатқандай. Бұл – өмір керуені...

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

«Неменеге қуандың, бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі мініп кемесін жағада тұр...» дейді Мұқағали ақын.

Иә, қариялар, қазыналы қарттар азайып бара жатыр... Өкінішке орай, алтын асықтай азамат ұлдары бола тұра қарттар үйін паналап, қарттық қайғысын күрсініс көмгендіктен таяғына сүйеніп, әр күнін үміт пен үрей ішінде өткізіп, алды-артына жалтақтағыш, көзі жасты, көңілі қаяу ақсақал мен жаулықты анаға айналған олар. Хадистердің бірінде: «Алла Тағала бір адамға жамандық қаласа, одан ұятын алып қояды», - деп айтылған. Енді бірде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ұялмасаң қалағаныңды істе», - деген. Өкініштісі, бүгінгі таңда жеке адамның бойындағы кемшіліктер қоғамдық сипатқа айналып отыр. Бәлкім, бұл жетпіс жыл насихатталған атеизмнің «жемісі» болар. Өйткені, елді ұлттық құндылықтардан айыру үшін оны ең алдымен діннен жүрдай ету көзделгені анық. Сондықтан, қоғамымыздағы руханиятқа қатысты мәселелердің белен алуы діннен алыстап қалғанымызбен тікелей байланысты болса керек. Сол мәселелердің ішінде жанымызға ерекше бағатыны – қарттар мәселесі. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында «Қара шал» әнінен бастап көтерілген бұл мәселе әлі шешімін таппай жатыр.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үлкенімізді қадірлемеген, кішімізді аямаған, ғалымдарымызға қатысты міндетімізді білмегендер бізден емес!»-деген. Мұсылман адам өзінің Пайғамбарға қаншалықты жақын не алыс екенін осы хадис негізінде анықтай алады. Үлкендерді сыйлау – мұсылманшылықтың, адамгершіліктің белгісі болса, оларды сыйламау – дінсіздіктің, көргенсіздіктің көрінісі. Өкінішке орай, бұл белгілер қаракөз қандастарымыздың бойынан да табылуда. Шындығын айтқанда, сериал көріп, «жүз граммдақанды» жақсы көретін қарияларымыздың да оңып тұрғаны шамалы. «Атаңа не істесен, алдына сол келер» демекші, бір кезде

ҚАРТТАР ҮЙІ «ҚАРАШАҢЫРАҚҚА» АЙНАЛЫП БАРА ЖАТЫР...



істегендері алдынан келіп жатқан болар. Алайда, дініміз ата-анамызды олар қандай болса да құрметтеуге бұйырады.

Оларға қартайған шақта қайырым жасап, көмек қолын созу – әрбір перзенттің парызы. Шынын айту керек, дінді білмегендіктен ата-анасынан тірісінде безінгендер әке-шешесін қарттар үйіне апарып тапсыратын болды. Кейбіреулер шаршы метр жердің жетпей жатқандығын сылтаурағанды. Ал, іс жүзінде ол үйдің емес, пейілдің тарлығынан. Атамыз қазақтың «он бала бір әкеге жүк болмайды, бір әке он балаға жүк болады» дегенінің сыры осында жатқандай ма, қалай?

Дінімізде ата-анаға жақсылық жасау – Аллаға құлшылық жасаудан кейін тұрған ең сауапты амалдардың бірі, Алланың разылығына жетудің бірден-бір жолы. Ал олардың ренжітуі, тілін алмау – аң ауыр күнә. Сондықтан, «Алланың разылығы – ата-ананың разылығында, Алланың қаһары – ата-ананың қаһарында» демекші, әке-шешемізге жақсылық жасасaq, олардың ақ батасын алсақ, Алланың мейірімімен Жаннатқа кіреміз, керісінше, оларды ренжітсек, күнәға батып, тозақтан бір-ақ шығамыз.

Әрине, бала балалық жасап, әке-шешесіне еркелейді. «Болар бала он бесінде баспын десе, болмайтын бала қырық бесінде жасын дейді» демекші, бір талай жасқа келген балалардың өзі ата-анасын алақанына салып, аялаудың орнына жапа шектіріп, қартайған шағында қайғы сыйлап, мазасын алуда. Қартайған адам бала секілді көңілшек, әр нәрсеге өкпешіл болып келеді. Бұған денсаулығы мен есінің сыр беретінін қосыңыз. Сондықтан дініміз ата-анаға, әсіресе олар қартайған шағында ерекше көңіл бөлуді бұйыраған. Қасиетті Құранда: «Раббың Өзіне ғана құлшылық етуді және ата-анаға жақсылық жасауды бұйырды. Егер қасында олардың бірі немесе екеуі де қартайса, оларға «уф» деме де, оларға зекіме де. Оларға жылы сөз айт. Ол екеуіне мейірімді бол және кішіпейілділкен қанатыңды иіп: «Раббым! Олар мені кішкентайымда тәрбиелегеніндей, оларды мейіріміңе бөле!»-деген аят бар «Исра» сүресі, 22, 23-аяттар. Ғалымдар бұл аятқа қатысты: «Перзент ата-анасының алдында өзін қаншалық төмен ұстаса, соншалықты жақсы. Ол бүкіл мейіріммен кішірейіп, олардың алдында төсеніш болып жайылса да, көп болмайды. Сонымен бірге, оларға әрдайым Алла Тағаладан мейірім мен жарылқау тілеп, дұға жасап жүргені ләзім», - деген.

«Атадан бота алғанша, бата ал» демекші, ата-анасының ақ батасын алу әрбір перзент үшін аса маңызды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дұғасы қайтарылмай, тілегі міндетті түрде қабыл болатындардың қатарында, баласына дұға жасаған ата-ананы атап өткен. Бала әке-шешесі алдындағы борышын ешқашан өтей алмайды. Тек ризашылығын білдіретін батасын алса ғана, міндетінен құтылғандай болады. Сонымен бірге, олардың теріс батасынан қатты сақтану керек. Адамдардың түрлі сынақтарға ұшырап, жолы болмауы кезінде ата-анасын ренжіткеннің салдарынан болуы да ғажап емес. Сондықтан, түзелейік, ағайын! Түзелуді бүгін бастамасақ, ертең кешігіп қалуымыз мүмкін. Адам ата-анасына істеген жамандығын күнә, Аллаға қарсы шығу деп білмей, оған өкінбесе, жазған сөзіміз қағаздағы сия болып қала береді.

«Үйіңде қартың болса, жазулы тұрған хатпен тең» деген. Қазыналы қарттың қадірін біліп, қарттың орны төр екенін түсінсек игі. Сонда ғана қарттарымыз қайғы жамылмас еді, қарттар үйін жағалап, жанарының жасын көл етіп, күндіз-күрсініп, түнде өз-өзін намыстан өлтірмес еді, бауырлар!!!

Тұрар ӘБУОВ,
Қызылорда облысы дін істері басқармасының
дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры.

Қашанда қарапайым қалпынан айнымайтын азаматтың адами қасиетін, бойындағы кісілік пен кішілік парасатты таза болмысын көргенде марқайып қаламыз. Жайсаң жандарды жақын тартып, жалғандықтан бойын әркез аулақ ұстап, ешкімге ұқсамайтын жүріс-тұрысын көргенде ет-жүрегіміз елжіреп сала беретіні тағы бар. Сабырлылық пен сыпайылықты, сарбаздықты мәңгі серік етіп, еңсесін жерге түсірмей жүрген тағылымды да текті тұлғамен замандас бол-

Сол кезде Ақтау қаласына келген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың да назарына ілігіп, оның жұмысына “Кәсіпкерліктің алғашқы қарлығашы” деген баға берген болатын. Экономикамыздың дамуының жаңа көзі, шағын кәсіпкерліктің бастауы болып саналатын “Ақбөбек” бірден аяғынан тік тұрып кете қойған жоқ. А.Баймырзаев бұл ретте ең басты мәселе шикізат іздеп шартарапты шарлап, сонау Түркия мен Италиядан одақтас тапты. Соның нәтижесінде “Заната” фир-



АЙТУЛЫ АЗАМАТ АЛАШЫБАЙ

ғанымыз басымызға қонған бақ болар деп ойлаймыз. Біз білетін Сыр еліне танымал тұлға, айтулы азамат Алашбыай Баймырзаев осындай азаматтың бірі ғана емес, бірегейі.

Пайғамбар жасына келіп, ел ішіне есімі еленген Алашбайдың ғұмыр жолына көз салсақ, жоғарыда айтқанымыздай, өмір мен оның өз сыйы домбыраның қос ішегіңдей қабаттасып, сабақтасып жатқанын көресін. Тағдыр талайы оған Аралдың ақ алтыны атанған, тұз таулары бой көтеріп жатқан Жаксықылш өңірінде дүниеге келуді жазыпты. Арал қаласында білім алып, Шымкент қаласында Химия-технология институтын тәмамдады. Одан соң Шымкент, Арал қаласында еңбек жолын бастап, Ақтауда “Ақбөбекпен” аты шықса, Арал ауданында әкім болып елге танылды. Осының бәрі айтуға оңай-ақ, ал оның астарына үңілсек, онда талай қызық та қиын, жауапты да жанкешті, соқпақты да тоқпақты талпыныстар мен жарқын істердің жатқаны аян.

Сол уақыттарды айқындап айтсақ, Аралдан арман қуып келген Алашбайға Ақтау айқара құшақ ашты. Ұшар басында үлбіреген шырағы жарқыраған мұнаралы Маңғыстау өңірі Алашбайға да бақытының балауыз шамын жарқырата жақты. 1981 жылдан бастап 1988 жылға дейін Ақтау қаласында мұнай өнімдері базасының басқармасында сала жөніндегі инженер, құрылыс базасында директор, басқарманың бөлім бастығы, Жаңаөзен қаласында мұнай базасының, тігін фабрикасының директоры қызметтерін абыройлы атқарды. Қырықтың қыркасына шыққан бұл жылдар Алашбайдың жұлдызы онынан туған сәттер еді. Осының ізінше Ақтаудағы облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының директоры, мұнан соң “Ақбөбек” акционерлік қоғамының президенті қызметтерін атқарды. Осынау өмір жолындағы жылдар шоғырында “Ақбөбектің” қызметі айрықша.

“Ақбөбек” – Алашбайдың еңбектегі естен кетпес қолтаңбасы, еліміз тәуелсіздік алған жылдардағы жаңа заманға сай талпыныс толғағынан туған тұнғышы, ердің елге деген сыйы болатын. Өйткені, Алашбай елге “Ақбөбек” арқылы танылды.

масының өкілдері Ақтауға келіп, фабриканың жұмыс жүйесіне итальяндық үлгідегі технологияны орнатты. 250-ге тарта аламды жұмыспен қамтыған фабрика аяқ киімнің 12 түрін тігіп шығаратын болды. Сол “Ақбөбек” күні бүгінге дейін сол қалпында жұмыс істеуде.

Шалқар теңіз тартылғаннан кейін “Көкарал” бөгетін соғып, Кіші теңізді сақтап қалу Арал халқының көңілдегі арманы еді. Бұл жөнінде көзі қаракты жандар талай ой қозғады. 1992 жылдың қыс айында “Көкарал” бөгеті алғаш қолға алынды. Бірақ, көктемгі тасқын судан бұзылған бөгет бастама көтерусілердің бетін қайтарып тастаған-ды.

Мұнан кейін жерлесіміз Алашбай Баймырзаев ауданға әкім болып келген тұста 1996 жылдың жазында “Көкарал” бөгеті екінші рет қолға алынды. Бармаған жері, қақпаған есігі қалмады. Баяғы күдік, күмән, сенімсіздік тағы да алдынан шықты. Тағы да Кіші Аралдың қажеттігін, теңіз-анасын қайта тірілтуге болатындығын тиісті органдар алдында дәлелдеу керек болды. Тағы да тәуекелдің жел қайығына мінуге тура келді. Ұзындығы 14 шақырымдық алып бөгет құрылысы халықтың күшімен жүргізілді. Ол уақыттары елдің тіршілігі қазіргіден әлдеқайда төмен, жұмыс істейтіндер айлық табысына, ардагерлеріміз зейнетақысына зәру болып тұрған шақ еді. Сонда да болса, халық “Көкарал” бөгетін салуға тамшыдай да болса үлес қосып жатты. Нәтижесінде екі жылда Кіші Аралдың суы Арал қаласына 12 шақырымдай-ақ қалған еді. “Көкарал” бөгеті арқылы Кіші теңізді сақтауға болатындығына көз жеткізілді. Оны Бүкіләлемдік Банк өкілдері де көріп, үлкен құрылысты қолдаған болатын.

Ақырында бөгет салынды. Кіші Аралға су келді, сумен бірге тіршілік келді. Жеңіс пен жемісін берген бұл да Алашбайдың бір өмір белесі болатын. Бүгінде “ғасыр құрылысы” атанған алып бөгет инженерлік жүйеге келтіріліп, тікелей Елбасының бастамасымен “СА-РАТС” жобасы өмірге келді. Алла жазса, осы жобаның екінші кезеңі де күні ертең басталмақ.

Жерлесіміз, экономика ғылымының кандидаты Ала-

шбыай Баймырзаев – қиял-шыл, арманға бай азамат. Оның бір кездегі бір арманы Көкарал бөгеті болса, жоғарыда айтқандай, ол өмірге келді. Одан кейін ол «Жезқазған-Сексеуіл», «Сексеуіл-Бейнеу» автокөлік жолын салуды мақсат еткен болатын. Өйткені, ол кездері темір жол қатынасының тоқырап, автокөлік тасымалының бел алып тұрған шағы еді. Бүгіндері оның есесіне «Жезқазған-Сексеуіл», «Сексеуіл-Бейнеу» темір жолы салынды. Бұл да Алашбай арманының орындалғаны болар.

А.Баймырзаев әкімдік қызметтен кеткеннен кейін де өзгелердей ел асып кеткен жоқ, ауданда қалып, іргелі кәсіпорын – Вагон жөндеу зауытын қолға алды. Ол бір ғана вагон жөндеумен шектеліп қалған жоқ. Оның жанынан нан пісіру, күріш ақтау, ұн тарту, тігін цехтарын ашып, 200-ге тарта жұмыссыз жастарды еңбекке тартты. Болжамдағы 162 вагонның орнына 240 вагон жөндеп, бұл жөніндегі болжамды 154,3 пайызға орындады. Басқа да экономикалық көрсеткіштер жоғары болды. Соның нәтижесінде А.Баймырзаев 2000 жылы Франциядан арнайы хат алды. Онда былай делінген: “Құрметті Алашбай! Францияда 1801 жылы құрылған Ұлттық өндірісті дамыту Ассоциациясы және оның президенті Бернера Мусон сіз басқарып отырған ұжым мен өзіңізді 1801 жылы құрылған Ұлттық өндірісті дамыту Ассоциациясының жоғары наградасы “Алтын медальға” ұсынғандығын назарыңызға салады” делінген. Сонымен бірге, онда бұл марапаттың өзінің тұрақтылығын, экономикалық қиын жағдайда да даму қалпын сақтаған үздік ұжым мен оның басшыларының ие болатыны айтылған. Осының өзі А.Баймырзаевтың жұмысындағы жетістіктердің тағы бір айғағы болар.

Бүгінде ат басын Алма-тыға бұрған Алашбай үш шаруа қожалығының жұмысын қолға қойған. “Жетісу-Агро” деп аталатын фирмасы Алматы облысы Іле ауданындағы Шенгелді аймағына орналасқан. Мың шаршы шақырымға жуық жерде ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілуде. Ал, “Қазатроном” деп аталатын екінші фирмасы Бақанас жерінде. Онда мал шаруашылығы дамуда. Нарынқолдағы 2 мың шаршы

шақырым жерді алып жатқан “Агро-Ақжар” қожалығы картоп, соя, зығыр, бидай, арпа, сұлы, тағы басқа дақылдар егуді кәсіп етіп, нәсіптерін көреді.

– Қиыншылық қай істе де, қай уақытта да болады ғой. “Жер сүмесін емген халықпыз” демекші, Қапшағай маңындағы Шенгелді ауылында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен өз кәсібімді бастаған едім. Картоп, пияз ектік. Өуелі 50 гектар жерді игеріп, кейін келе 850 гектарға дейін ауқымын кеңейтіп, шаруамызды жүргізе бердік. Бүгінде мыңдаған гектар жерді игеріп, азық-түлік өнімдерін өндіруге сүбелі үлес қосып отырған жайымыз бар.

Түрлі оралымсыздықтар аяқтан шалып, шығындылып жүрсек те, тауарымызды Ресейдің Новосібір, Барнаул секілді аймақтарында орналасқан әскери базаларға өткізіп жүрдік. Ал, бүгінде Барнаулдан бастап Алтайдың ішіне дейін, Омбы, Том, Новосібірге, одан әрі Владивосток, Сахалинге дейін апарып, сатып жүрміз. Жуырда бізге Оңтүстік Кореядан да тапсырыс түсті. Кеден одағы арқасында Ресей арқылы Оңтүстік Кореяға да азық-түлігімізді жеткіземіз, – дейді Алашбай ағынан жарылып.

Шенгелдідегі “Жетісу-Агро” серіктестігінің егін алақына шетіне екі жеңіл машина келіп тоқтады. Ішінен генерал-майор шеніндегі бір адам шығып, бері жақындалы. “Бүгін Алашбайға Ресейдің жоғары ордені тапсырылады” деген хабарды Алматыдан естіген едік.

– Сіздерді жерлестеріңіз Алашбай Әбдіғазыұлы Баймырзаев Ресей мен Қазақстан арасындағы достық пен ынтымақтастықты, экономикалық байланыстарды нығайтқаны үшін Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің жарлығы бойынша Ресейдің жоғары қоғамдық ордені – Бірінші дәрежелі “Ұлы Петр-І” орденімен марапатталып отыр, – деді Ресей Федерациясы қауіпсіздік қызметінің генерал-майоры, академик Владимир Осипов. Оның айтуына қарағанда, бұл орденмен бұған дейін тек мемлекет басшылары мен мемлекет қайраткерлері ғана марапатталып келіпті.

«Билік те, байлық та уақытша, ал менің басты байлығым – ұрпағым» деген, Алашбайдың өмір жолы ғана емес, өнегелі де өркенді отбасы бүгінгі және ертеңгі ұрпақтарға ұлағат мектебі іспеттес. Алашбайдың жұбайы Ләззат – ақ халатты, аялы қолды дәрігер, асыл ана. Алашбайдың екі ұлы ұясына, қызы қиясына қонған жайы бар. Александр кәсіпкерлік кілтің, яғни барлық иеліктерінің тізгінін ұлы Алмат пен Беріктің қолдарына ұстатқан.

...Әне салмақты да сабырлы, білімді де білікті, үлкенге ізет, кішіге шапағат етуді мақсат еткен Алашбай жайрандай күліп, жайсаңдай басы жүріп келеді... жүріп келеді... Лайым осылай жүре бергейсіз, Аралдың ақиық айтулы азаматы Алашбай.

Жұмабай ЖАҚЫП,
Еркін ӘБІЛ.

Артрит: қауіпті белгілері және тегін дәрі алу құқықтары

50 жастан асқан адамдардың 80%-нан астамы буын ауруларынан азап шексе, оның 60%-ға жуығы әйелдер. Сөйте тұра, олар тың кеш, емдеу қиындаған кезде ғана анықталады да, ақыр соңында мүгедектікке әкеп соқтырады.

Артриттің алаңдататын және қауіпті белгілерін ерте анықтаудың соншалықты маңызды болуы неліктен? Өйткені адам алаңдататын белгілерді білмегендіктен алғашқы нышандарын ескермейді де, медициналық көмекке кеш жүгініп, аурудың созылмалы түрге ауысуына әкеп соқтырады.

Елеусіз қалдыруға болмайтын белгілерді есте тұтыңыз:

- * Буындардың түнде қатты ауыруы.
- * Ояна салысымен бүкіл дененің және буындардың құрысуы.
- * Білезік және қол басы буындарының қабынуы және ісінуі.
- * Буындардың қабынуының «ұшыалы» сипаты – алдымен бір буын іседі, артынан бірнеше күннен кейін оның қабынуы ізсіз жоғалып, бірақ қабыну бірден басқа буынға өтеді, содан кейін үшіншісіне, және т.с.с.

Егер сіз жоғарыда аталған сырқаттардың кез келгеніне душар болсаңыз, бірден дәрігерге қаралуға кеңес береміз. Біздің елімізде ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2011

жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығына енгізілген буын аурулары бойынша диспансерлік есепте тұрған емделушілер тегін препараттарды алуға құқылы. Мысалы, «Ревматоидтық артрит» диагнозының барлық кезеңдері мен ауырлық деңгейлері бойынша диспансерлік есепте тұрған емделушілер тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шектерінде мынадай дәрі-дәрмектерді тегін алуға құқылы: Метотрексат, инъекцияға арналған ерітінді; Метилпреднизолон, таблетка; Голimumаб, инъекцияға арналған ерітінді.

ҚИЫП АЛ ДА, САҚТАП ҚОЙ

Сіз халықты тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың тізімі туралы, сонымен бірге дәрі-дәрмектерді дұрыс қолдану, олардың өзара әрекеттесуі мен мүмкін болатын жағымсыз әсерлері жайлы толық ақпаратты әрқашан www.druginfo.kz сайтынан, сондай-ақ Call-қызметінің **8-800-080-88-87** бірыңғай тегін телефон желісі арқылы алуыңызға болады.

Біздің қызметіміз Сіздерге арналады!
ҚР ДСӘДМ «ДСДРО» ШЖҚ РМК
Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығы.

1942 жыл. Елді есеңгіреткен сұрапыл соғыстың өрши түскен сәті. Немістермен шайқаста туған жердің топырағын қорғау үшін елдегі барлық ер-азаматтарды қан майданға алып кетті. Бұған дейін бала-шағаларын еркелетіп мінгізетін қос иығына қару асынып, жауына қарсы тұрған азаматын ойлаған ел-жұрттың есі шыққандай. Елеңдеумен өткізген қаншама күндер ішінде соғыс даласы түстеріне де жиі енуші еді...

Сонау тарихтың тарау-тарау парактарынан Ұлы Отан соғысы кезінде халықты қажытып, елді әбігерге салып, әлеуметтің төмендеп, экономиканың құлдыраған жылдары ретінде көреміз. Рас, санада сұм соғыстың сұмдық бейнелері сақталып та, жатталып та қалды. Соғысқа аттанған азаматтардың амандығын тілеп ауылда қалған еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін таннан кара кеш қоюланып батқанша тырбанып жұмыс жасайтын. Ең қиыны – қазаны естіртетін кара қағазды оқу еді. Ойын балаларына да балалық шақтың кызығын көрсетпей, ерте есейткен кездер еді – бұл.

Дала сахнасын оқпен ораған ел басына күн туған сол 1942 жылы Қызылдықан ауылынан ағайынды Қоңырбай, Үдербай және Түлкібай Сапаровтар да Ұлы Отан соғысына бір мезетте аттанған. Жұрт дегенде жұмылып, ел дегенде егіліп тұрған азаматтардың амандық-саулығын тілеген ағайын-туыс, ауыл адамдары дегенмен өздерінің жігерлерін жасытпады. Өздері сол сұрапыл сұмдық жайлаған төскейдегі соғысқа бара алмаса да, ауылдың еңбекші халқы іштей тілекші болып, рухани күш сыйлап отырды. Елде қалған бала да, шал да, қыз да, әйел де тынымсыз еңбек етіп, кара жұмыспен айналысты. Ел қаннен-қаперсіз еңбек етіп, маңдайынан тер төгіп жүрген сәтте Омархан деген баскарма бастығы «Үдекеннен хат келді!» деп сүйіншілей жүгіріпті. Қолдарындағы құрал-саймандарын қоя сала жүгірген жұрт «оқып бер» деп шулапты. «Қазір мен оқысам, сіздер жылайсыздар деп әрі-бері бас тартқанымен, қаумалаған халық қолқа салып, ақыры оқытыпты. Расымен де, елге деген сағынышын, туған-туыстарының амандығын, өзінің халын, жүрек сырын, көңіл хошын жазған сағынышқа толы хатты оқыған соң барлығы еріксіз көздеріне жас алыпты. Қан майданда жаумен арпалысып жүрген Үдербай Сапаровтан 1943 жылы тағы хат келді. Ауыл халқының жағдайын, жақындарының халін сұраған сағынышқа толы хат өлең жолдарымен өрілген. «Ұлтарактай болса да, Ата қоныс жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, Туып өскен ел қымбат» демекші туған өлкеге деген сағынышын, өзінің отансүйгіштігін жазған шумақтар ұрпаққа аманат болып әлі күнге сақталып келеді.

Аттандық ұлы сапарға,
Әскер боп кіріп қатарға.
Мен де шықтым соғысқа,
Бекерден-бекер жатам ба?!

Ақыр түбі қайыр боп,
Бейбіт күн таңы атар да.
Аман бол, халқым, жасыма,
Келгенше қайтып Отанға.

Мақамбет Сізбен қосылып,
Дәм-тұзды бірге татам ба?!
Әлі ағай мен Әбжаппар,
Жолдас едің қатарда.

Қағазбен сәлем беремін,
Пірімбет пен Мақанға.
Ұмытып сені, Әбдірей,
Жолдастықты сатам ба?!

Құдайберген қарағым,
Халқыңа жаман атанба.
Дұғай сәлем жолдаймын,
Қарт, қария атайға.

Ақ қағазбен сәлем беремін,
Ақ сүтін берген анама.
Раушан, менен сәлем айт,
Тілеубек менің ботама.
Қайта айналып келгенше,
Еге бол, қалқам, Отанға!, – деп өрілген өлең жолдарынан Ұлы дала ұрысында өлім мен өмір арасында жүрсе де, кіндік қаны тамған, топырағына аунап, табанын тілімдеген ыстық құмын аңсап, ет жақындарын сағынғанын аңғаруға болады. Қос қаруын бірге ұстаған, яки қаламы мен қаруын қатар асынған Үдербай Сапаров еліне жақын ер де-

ЕЛІМ ДЕП ТУҒАН АЗАМАТ

сек болғандай. Бауырмалдық қасиетін бір бөлек алғанда ол кісінің кеңпейілдігі, қамқорлығы да туабытты табиғатына жарасқандай. Ауыл халқы Құдай қарасқан кісі деп әркез төрден орын сайлап, сыйлайтын. Осы хат Үдербай әкеміздің өз қолымен жазған соңғы хаты екенін ешкім де білмеп еді. Соғыстан қайтқан солдат ретінде күтіп ала алмағанымыз бүкіл ауылдың қабырғасына батты. Үдербай әкеміз де елге сыйлы азамат болғандығын «Қызылдықан» колхозында баскарма бастығы болып жұмыс жасағанынан-ақ байқаймыз. Қызу жұмыс барысында егістікті бақылап жүргенде уәкіл бастықтар отырған қараша үйге кара сөзден өлең өріп кіреді екен. Ақындығына бас иген аза-



маттар әкемізді әрқашан төрге отырғызған. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, әкеміз болмысынан мейірімді, қайырымдылық қасиеті мол кісі болған деседі жұрт. Сонау ұжымдастыру жылдарынан кейінгі тап болған қасірет – шаршылық жылдарында әкеміз қашама менгерушісі қызметін атқарған. Сол кезде жүрек жалғауға бір үзім нан таппай, қойманы жағалай көздері қарауытып отырған адамдарға бір-бір қалақ бидайдан үлестіріп береді екен. Соны шайнап үйлеріне жеткенше әлденеді, ал үйге барған соң атала пісіріп ішіп, жан сақтапты талай шаңырақ. «Шаш ал десе, бас алатын» заманда Үдербай әкеміз «басшымын» деп ешқашан кеуде керіп, басқалардан өзін биік санаған емес. Өзінен жасы үлкендерді «көкелер, жеңгелер» деп жұмсайтын. Бірде әкеміз егістікті аралап жүргенде орақшы әйелдердің төбесі көрінбепті. Жұмыс уақытында қайда жүргендерін ойланып келе жатса, алдындағы терең сайдың ішінде бау басып жатыр екен. Бір уыс болса да балаларына ас болсын деген ойлары ғой. Әкемді көре салысымен көздерін төмен салып, ұялып қалыпты. Содан әкеміз ұрсудың орнына «Қамырларыңды илеп болсандар, орақ оуға көшіндер!» деп астындағы атын қамшылап, шауып кетіпті. Бір қызығы, сол күннің ертеңінен бастап орақшы әйелдер күндегіге қарағанда көп мөлшерде егіс орып, аса

белсенділік танытқан екен.

Ал сарғайған сағынышын жүрегіне орамал етіп байлаған жауынгер Қоңырбай ауық-ауық туған топырағын иіскейді. Отанына оралғанына қатты қуанған ел ағасы келген соң да тыныш жатпады. Елді мекеннің аздаған тірлігіне араласып, қолы қалт еткен шақта таза ауада аңшылыққа шығатын. Жердің бетін аппақ мактадай ұлпа қар жапқан кезде қақпан салып, бұйырған несібесін әкелетін. Сол кезде «бұл – менің ғана емес, елдің де несібесі» деп көрші-қоландарға да үлестіруді ұмытпайды. Бір күні ұйықтап жатсам, терезенің жақтау тұсынан бір дауыс еміс-еміс естілді. Не жағдай екен деп апыл-ғұпыл тысқа ұмтылдым. Сөйтсем, қанжығасын

майлап, аңшылықтан келіп тұрған атам екен, әбден жаурап, «келін, келін» деп айқайлап тұрған. Күннің жайдары кездерінде 10-15 күнге қақпан салуға кететін, бірақ бос қайтпайды, астына тақымдап мінген мәстегіне ақбөкеннің етіне дейін артып келеді. Көкем келісімен апам қазанның құлағын ұстап, ас-ауқаттың қамына кіріседі. Аңшының несібесіне бұйырған етті заматында тазартып, суға салып, ет асып, жүгерінің ұнынан күлше илеп салатын. Маңдайдан тер шығып, ауқаттанып алған соң қора-жайдың жағдайын бір бақылап келеді. Ал ертеңіне үйренген әдетінен жаңылмай, көршілерге де бұйырған дәм таратады. Ауыл шетінде ел ауып келіп, осында

асқынып, іріп, суланып кете береді екен. Көкем бар ынтасын салып, ескі тамның кесегін алып үгітіп, соны дұғамен оқып берді. Тағы бірде Тұрман деген еңселі ер азамат келіп: – Әкей, мен түс көрдім, түсімде тұңғыш балаң 13 жасқа келгенде өмірден өтесің деп айтты, – деді түрі бозарып. Еңсесі езіліп келіп тұрған ер-азаматқа көкем ақ батасын беріп, арқасынан қағып шығарып салды. Кейін естігеніміздей, әлгі бала қолының дертінен құлан таза айығып, ал әкемнің ақ батасын алған азамат шаңырағына келін түсіріп, немересін сүйіпті. Өзімнің де 1973 жылғы баламның үстібасын кішкентайында сыздауық сияқты жара қаптап кетті. Бесікке бөлейін десем, шырылдап жылап,

мазасы қашты. Дәрігерлер «қан ауыстырса, кетеді» деп менің қанымды алып ауыстырып салды. Онан да шипа болмаған соң, сәті түсіп келген өпкемнен көкеме сәлемдеме айттым: «Мына балаға дұға жазып берсін, дерттен айыға алмай жатырмыз» деп. Содан көкем ескіше әріппен дұға жазып беріп жіберіпті. «Ем болсын» деген ниетпен май жағып, желкесіне жапсырып, бесікке бөледім. Сізге өтірік, маған шын, арада үш күн өткенде жарадан толық жазылып кетті. Өрине, Алланың құдіреті.

«Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген жақсы сөз бар. Әкеміздің Құдай қосқан жары Патыма анамыз да өте жақсы, ақжарқын, жүзінен күлкі таймаған кісі болған. Соғыстан ораламаған әкеміздің орнын жоқтатпауға тырысқан Қоңырбай көкеміздің көп жақсылығын көріп өстік.

Ауылға қоныс аударумен немістер де әкелінген, олар шешендерге қарағанда өте момын, қой аузынан шөп алмас жуас, бейнетқор. Күнкөріс қамы үшін дария жағасынан қара жидені теріп әкеліп, соны бір келі бидайға немесе жүгеріге ауыстырып күнелтті. Көздері жауандаған ұл-қыздары аш-құрсақ жүргенде анамыз үйге әкеліп, тамақтандыратын. Олар да бала ғой, заманның аумалы-төкпелі, астан-кестен болып жатқанын қайдан білсін?! Асыл анамыздың осы жақсылығына немістер де рахметін жаудыратын. Қазақылық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты бес саусағындай жатқа білетін. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, жатқа сыйластық, жақынға бауырмалдық қасиеттердің барлығы анамыздың тал бойынан табылады. Патыма анамыз үнемі қайын апасын Шәутай апай дегенге есімі Шәутай екен десек, бұл күйеуінің аты екен. Ол кісінің баласы Құдайберген елде бас есепші қызметін атқарды. Кеңесшісі – анасы, ақылшысы Үдербай әкеміз болатын. Әкеміз әскерге аттанарда әбден жылап, қимастық сезімін жат жанарынан жасыра алмаған жан. Құдайберген ағайдың жары бізді көргенде «асылдың сынығы – сендерсіңдер» деп бетімізден сүйіп, еміреніп, көз жасын сығып алатын. Артында қалған ұрпақтары – Зәбира, Аққала, Тілеубек, мен және Ұлбала асыл жандарды әрдайым есте сақтап келеміз. 2000 жылы Тілеубек ағам дүниеден озды. Бүгінде кара шаңырақтың түтінін Тілеубек ағам мен Роза жеңгемізден тараған ұрпақ түтетіп отыр. Біз, осындай жаны жомарт, пейілі кең, мінезі ашық, жайдарман, ақкөңіл атаның ұрпақтары әкеміздің әрбір жақсылығын кейінгі ұрпаққа өнеге етіп, ел қамы үшін жасаған ізгілікті істерімен мақтанамыз.

Қалқибі ҮДЕРБАЕВА.
Шиелі ауданы,
Ортақшыл ауылы.

ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ақмешіт» филиалында «Тіл – татулық тірегі» атты іс-шара өткізілді.Шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақ бойына ана тіліміздің құдіретін ұғындыру, мемлекеттік тілдің жан-жақтылығын нығайту, өскелең ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттыру болып табылады.

Мерекелік шараға №6 мектептің ұстаздары, оқушылары, қаладағы «А-Айя» балабақшасының тәрбиешілері, бүлдіршіндері және музей қызметкерлері қатысты. Шара аясында №6 мектептің оқушылары өлеңдер, қара сөздер оқып, көріністер көрсетіп, көрермендерге концерт қойып, мерекелік көңіл-күйлерін көтерді. Шара соңында музей меңгерушісі Нұрия Сақыбайқызы сөз алып, шараға қатысушы қонақтарды тіл мерекесімен құттықтау арқылы алғысын білдірді.

Р.АҚНИЕТ.

ТАЛАНТЫН ТУҒАН ЖЕРГЕ БАҒЫШТАҒАН...

Жуырда №1 Май ауылындағы орта мектепте «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Келбет» бағдарламасы аясында жазушы, драматург, Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығы Төралқа төрағасының орынбасары, «Алтын бесік» журналының бас редакторы Сұлтанәлі Балғабаевпен «Талантын туған жерге бағыштаған...» атты кездесу кеші болып өтті.

Кешке Қазақстан Жазушылар одағы филиалының жетекшісі, ақын Қаршыға Есімсейітова, жазушының сынпытасы Алысбай Асқаров, ауыл тұрғындары, мектеп ұжымы қатысты.

Қаламгерді ауыл тұрғындары қошеметпен қарсы алды. Кешті мектеп директоры О.Ел-жасарова ашып, ағамызға жылы лебізін білдірді. Кеш барысында С.Балғабаевтың өмір жолы, шығармашылығы жайлы айтылды. Сонымен қатар, ақын Қ.Есімсейітова, сынпытас-замандастары Р.Жүнісова мен А.Асқаров жазушының балалық шағына саяхат жасады. Сонымен қатар, кішкентай оқырмандар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, қызықты жауаптар алды. Жазушы үшін ең орынды және әсерлі сұрақ «Ең әдемі келіншек» пьесасы жайлы сауал болды. Жауап беру барысында бұл пьесаның өте дарынды, сұлу актриса Лидия Каденоваға арналып жазылғанын білдік.

Жұлдыз ТӨРӘПҚЫЗЫ,
№ 40 орта мектеп психологы.
Шиелі ауданы,
1 Май ауылы.

ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

«Мінбер» журналистерді қолдау қоғамдық қорының төрайымы Есенгүл Қопқызы мен белгілі блогер Асхат Еркімбай Сыр өңірі журналистеріне арнап «Ақпаратқа қолжетімділік: мүмкіндіктері мен мәселелері» атты тақырыпта семинар-тренинг өткізді.

Шараның негізгі мақсаты – журналистердің құқықтарымен ақпарат алудағы қолжетімділік, ақпаратқа қол жеткізудің әдебі мен заңнамасы, практикалық жаттығулар арқылы журналистерді заман талабына сай бейімдеу болып табылады.

Сондай-ақ, шара барысында журналистер еркін пікір алмасып, дәстүрлі және жана медиа жайында ой қозғап, оның айырмашылығы мен ерекшелігі тұрғысында кеңінен түсіндірілді.

Мемлекеттік құпия, жариялануға болмайтын ақпараттар, интернеттегі сараптамалық мақала жазу үлгілері, электронды үкіметтің азаматтарға қызмет көрсетуі, өңіріміздегі әлеуметтік жобалар мен олардың баспасөздегі көрінісі жөнінде қор төрайымы Есенгүл Қопқызы әңгімеледі.

Сонымен қатар, үш күнге созылған семинар-тренингтің журналистерге берері мол болды. Арнайы келген мамандарға журналистер өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойып, оған тұшымды жауап алды.

Мультимедиялық құралды қолдануды блогер Асхат Еркімбай слайд арқылы жан-жақты түсіндірді.

Семинар-тренингтің соңғы күнінде қатысушыларға арнайы сертификат табысталды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы» Жолдауында әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы «Мүлдем төзбеушілік» қағидаты бойынша алдын алу шаралары бағытында қауіпсіздік жүйесінің интеллектуалды бағытын жандандыруды тапсырған болатын.

Басты мақсат — азаматтардың мүліктік қауіпсіздігін сақтау, болған қылмысты дер кезінде анықтау, алдын алу, орын алған қылмысты құрықтау.

Жаңа заманауи технологиялар арқылы төтенше жағдайлар, қылмыс пен құқық бұзушылық орын алған жағдайда ішкі істер органдарына жедел шұғыл хабарламалар беру болып табылады.

Статистикалық талдауға қарасақ 2014 жылдың 6 айында облыс бойынша тіркелген қоғамдық орындардағы қылмыстар саны 3,3 пайызға (1567-ден 1515-ке), көше қылмыстары 18,5 пайызға (1059-дан 863-ке), бөтен мүлік ұрлығы 9,6 пайызға (3254-тен 2942-ге), оның ішінде пәтер ұрлығы 6,1 пайызға (527-ден 495-ке) төмендесе, орнатылған бейнекамералар көмегімен 92 қылмыстың беті ашылған. Оның ішінде, бөтеннің мүлкін ұрлау — 10, тонау — 3, қарақшылық шабуыл 1 қылмысты құрайды.

Тұрғын үй ауаларының қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Қауіпсіз аула» қағидасы бойынша енгізілген интеллектуалды жүйелер бүгінде қылмысқа қарсы күрестің тиімді жолы болып табылуда. Себебі, «Қауіпсіз аула» тәжірибесі бейнебақылау жүйелерін тұрғын үйлер кварталына және коопкабатты үйлер аласына орналастырып, құқыққа қарсы әре-

кеттерді анықтау және бейнетүсірілім негізінде құқық бұзушыны жауапкершілікке тартуға септігін тигізеді.

Осы ретте Алматы қаласының ОПД-мен тұрғындардың және қала қонақтарының қауіпсіздігін сақтау, бөтеннің мүлкін ұрлау қылмыстарының алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмау аясында қала көлемінде «Бона» ЖШС-мен бірлесіп тұрғын үйлердің ауаларында бейнебақылау камералардың қызметін тиімді пайдалануда, яғни келісім-шарт негізінде тұрғындардан аула төңірегіне және әрбір подъезге орнатылған бейнебақылау камерасына 350 теңгеден төлемді төлеу жарнасы бойынша коммуналдық қызмет ақысына енгізу арқылы төлем жасап отыруға келіскен. Сонымен қатар, тұрғындарға үйдегі компьютер интернеті арқылы бейнекамера жазбаларын көру мүмкіндігі қарастырылған.

Осы тәжірибені Қызылорда қаласында енгізу үшін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шарушылық басқармасы, ішкі саясат бөлімі, пәтер иелерінің кооперативтері, кәсіпкерлік бөлімі мен жеке күзет субъектілерінің қатысуымен үстіміздегі жылдың 30 маусымында ОПД-де кездесу өткізілді. Кездесу барысында облыс көлемінде орын алған қылмыстарды ашуда бейнекамералардың өз септігін тигізетіндігі, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуда оң нәтиже беретіндігі атап көрсетілді.

Светлана АНАФИНА,
Қызылорда ОПД Күзет қызметін
бақылау бөлімінің аға инспекторы,
полиция майоры.

ТІЛ МЕРЕЙІН АСЫРУ ОРТАҚ МІНДЕТ

Тіл байлығы – әрбір елдің мақтанышы. Ол атадан балаға, ұрпаққа қалып отыратын баға жетпес мұра. Әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиісті.

Мемлекеттік тілдің ахуалын зерделеп, оны кеңінен қолдану сот жүйесін де айналып өтпейтіні айқын. Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу Конституция талабы. Заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл елдің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Бүгіндері мемлекеттік басқаруда, заң шығаруда, сотта іс қарауда, іс жүргізуде, еліміздің барлық аумағындағы қоғамдық қарым-қатынастарда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қолданылады.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа берілген құжаттардың берілуіне қарай жүргізіледі. Әрбір азамат істі өзінің ана тілінде немесе өзі білетін басқа тілде жүргізуді талап етуге құқылы және өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасай алады. Түсініктер мен жауап беру, өтініш білдіру, шағым жасау, іс материалдарымен танысу барысында да осы талаптар сақталады.

Елімізде «Тіл туралы» заңының 13-бабында ҚР сот істері мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған

жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі де мемлекеттік тілмен тең қолданылытуға құқығы берілген, бірақ бұл іс жүзінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын тарылтып, құқықтық нормасын шектеп отыр.

Қазіргі кезде Жоғарғы Соты төрағасының өкіміне сәйкес республика соттарындағы іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру барысы белгіленген бағамдар бойынша қадағаланып отырады. Атап айтқанда, соттардағы кіріс-шығыс, ішкі және жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, соттарда мемлекеттік тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялардың және сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы кесте бойынша қадағаланады. Барлық соттарда сот төрағаларының өкімдерімен мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселелерімен айналысатын құрылымдық бөлімшелер, топтар, комиссиялар, мемлекеттік тілге жауапты мамандар тағайындалып, тілді дамыту бағытында белгіленген іс-шаралардың мақсатты жүзеге асуына басшылық жасау үстінде.

Ә.ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
Қызылорда қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы.

Қызылорда облысының мәдениет басқармасының басшысы мен оның орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның ата-жөні	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Абдрахманов Ержан Ахметұлы	Басқарма басшысы	әр аптаның сейсенбісі күні сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, 336-кабинет	8 /7242/ 60 53 03
Әбуова Мирамқұл Рахымжанқызы	Басқарма басшысының орынбасары	әр аптаның сәрсенбісі күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, 334-кабинет	8 /7242/ 60 53 01
Құрамысова Жанат Ашаңқызы	Басқарма басшысының орынбасары	әр аптаның жұма күні сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, 335-кабинет	8 /7242/ 60 53 02

Сенім телефоны: 8 /7242/ 60 53 03

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

(дене шынықтыру пәнінің мұғалімі) немесе орта заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
 - 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
 - 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
 - 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
 - 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
 - 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
 - 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).
- Егер азамат еңбек өтілін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қармақшы

ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй 19 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады. «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-Р-4, Е-G-4 - санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде 26 қыркүйекте ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларында мнадай бағаны құрайды.

Қызылорда қаласы бойынша «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде І сортты бидай ұны – 54, қант – 130, ет – 950, тауық еті – 395, бөлке нан – 35, картоп – 75, жуа – 90, сәбіз – 100, қырыққабат – 60, қызылша – 80, қарақұмық – 145, арпа жармасы – 90, сұлы жармасы 135 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 60, жуа – 75, сәбіз – 85, қызылша – 90, қырыққабат 75 теңгеден сатылып жатыр.

Арал ауданы бойынша Арал қаласының «Алтай» базарының кәсіпкері С.Саяновтың дүкенінде қант – 180-190, қырыққабат – 80, ал «Қанағат» базарының жанындағы Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 60-65, жуа – 70-80, сәбіз 90-100, күріш 200 теңгеден сатылуда.

Қазалы ауданы бойынша «Ырыс-Болашақ

және К», «Орын-ай» сауда орындарында жұмыртқа – 18, картоп – 65, жуа – 65, қырыққабат – 70, сәбіз – 100, өсімдік майының литрі 240-250 теңгеден сатылуда.

Қармақшы ауданы бойынша «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 80, сәбіз – 100, жуа –70, қапуста 75 теңгеден сатылып жатыр. ЖК «Ешмұратов», ЖК«Жаппасбаев» дүкендерінде І сортты бидай ұны 56 теңгеден сатылып жатыр.

Жалағаш ауданы бойынша «Ақниет» және «Қаракөз» дүкендерінен І сортты бидай ұны – 57, жұмыртқа – 18, өсімдік майы литрі – 230-240, жуа – 70, сәбіз – 100, қырыққабатты 80 теңгеден алуға болады. Сондай-ақ, «Өділет» базарында ет келісі 1200 теңгеден сатылып жатыр.

Сырдария ауданы бойынша «Серікбол» дүкенінде картоп – 70, сәбіз – 100, қырыққабат – 70, жуа –70, қант –170-180 теңге. «Коммуналдық» базарында жұмыртқа 18 теңгеден сатылуда.

Шиелі ауданы бойынша «Ә.Шорабаев», базарында картоп – 65, жуа –60, сәбіз – 90, қырыққабат – 60, жұмыртқаның 10 данасын 170 теңгеден алуыңызға болады. Сонымен қатар, І сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған ауданы бойынша «Мағжан», «Заңғар» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп – 70, жуа – 60, қырыққабат – 70, сәбіз – 90, жұмыртқа 17 теңге болса, ЖК Үсейінов, «Нұраділ», “Сұңқар” дүкендерінде І сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылса, сондай-ақ «Нұр» базарында еттің келісі 1100 теңгеден сатылуда.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев к, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8 (7242) 400954, personakadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:
«Қалалық коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (Е-R-5 санаты (индекс 06-1-5) - 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 49969 теңгеден 67907 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

- Қалаішілік қоғамдық жолаушылар тасымалын ұйымдастыру. Жол қозғалысын және маршрут желілерін реттеу.

- Форма № 2, №3 үлгісіне қол қояды және атқарылған жұмыстардың уақытылы өткізуін, орындалған нысандарды теңгерімге алу, қабылданатын нысандар сапалы болуын, нормативке сәйкес келуін, белгіленген межеде аяқталуын қадағалап қабылдау.

- Ағымдағы және күрделі жол жөндеу жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастыру.

- Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, күтіп ұстау және жөндеу (жол белгілері, жол айрық сызықтары, жасанды тегіс емес қондырғылар, бағдаршам).

- Жабын материалдарына қарамастан жолдар мен тротуарларды жөндеу және күтіп ұстау, такси, автомобиль тұрақтарын орнату, жөндеу және күтіп ұстау;

- автомобиль жолдары құрылысы, қайта салынуы, кеңейтілуі және күрделі жөндеу жұмыстары кезінде (жобасметалық құжаттарында қарастырылса) жаяу жүргінші жол, бордюрлер, көшенің түңгі жарықтарын салу жұмыстарын жүргізу;

- Жолаушылар көлігіне жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарымен өтетін қаланың бағыттық желілеріне тікелей басқару мен ведомстволық бақылауды іске асырады, тұрғындар сұранысын қанағаттандыру үшін жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

- ҚР заңнамасына сәйкес жолаушылардың және басқа да көлік қызметін пайдаланушылардың мүдделерін қорғау.

- Мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастыру.

- Табиғи және техногендік сипатты төтенше жағдайларды жою жұмыстарын ұйымдастыру. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз-шағымдардың уақытылы қаралуы мен жауап берілуі.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары немесе ортадан кейінгі техникалық («транспорт, транспорттық техника және технология», инженер-құрылысшы, инженер-гидротехник) немесе гуманитарлық (құқық және экономика негіздері пәндерінің мұғалімдері) білім;

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, № 212 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен

ЖАС АҚЫНДАР ЖЫР ДОДАСЫНДА

Облыстық «Нұр Отан» партиясы жанындағы мәдениет пен өнерді дамыту бағытындағы «Мирас» қоғамдық кеңесінің ұйымдастыруымен тіл жанашыры Бексұлтан Жұмабековты еске алу мақсатында «Мемлекеттік тілім – мерейім» атты мектеп оқушылары арасында қалалық жыр мүшәйрасы болып өтті. Ана тілінің мерейін, оның өткені мен бүгінін жырлауға 5-10 сынып оқушыларынан 70-тен астам оқушы қатысып, үздіктер қатарынан 16 оқушы көрінді. Нәтижесінде І орын Тасбөгет кенті, оқушылар мен жасөспірімдер үйінің оқушысы Аружан Маштаеваға бұйырса, ІІ орынды «Мұрагер» мектебінің 6-сынып оқушысы Жандос Әбілқасымов пен №11 орта мектептің 7-сынып оқушысы Айымжан Бакытбекқызы иеленді. Ал, ІІІ орынды үш жеңімпаз қанжығалады. Олар, С.Әлжіков атындағы №144 орта мектептің 10-сынып оқушысы Ақбота Жолдасбек, №7 мектептің 9-сыныбының шәкірті Аруна Батталова мен №3 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Әсет Мұхтаров. Қалған 10 оқушы алғыс хаттармен марапатталды. Жырдан өрнек өрген жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтарға ие болды.

Айта кету керек, қысқа ғана ғұмырында еңбегімен елге танылған Бексұлтан Жаңабайұлын еске алуға арналған шара өңірімізде алғаш рет ұйымдастырылуда.

«Бүгінгі шараның өзіндік маңызы зор. Себебі, елінің арқасүйер азаматы болған Бексұлтан Жұмабековты еске алуға арналып отыр. Бексұлтан қызметіне адал, жүрегі таза, абыройлы азамат болатын. Бірақ, өмірі тым қысқа болды. Дегенмен, өмірден өзі кетсе де, оның жасаған еңбегі халқы барда еш ұмытылмайды», – деді «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының редакторы Айсұлу Қасымова.

Жалпы, түрлі естеліктер айтылып, қара өленді жанына серік еткен жас ақындардың жыр додасы мұнымен шектелмей, әлі де жалғасын табатын болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-R-5 - санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: Мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ЖІГЕРІҢДІ ЖАНИДЫ

Әрбір еркек әл-қуатының мықты болуына онша мән бермейтіні рас. Келе-келе оның салдарынан қолайсыз жағдайдың көрініс тбатыны да жасырын емес. Өйткені оған себеп те бар. Алдымен ақша тауып мәшине, пәтер сатып алуға ұмтыласың. Тағы сондай өмірлік түйткілдер алдыңнан шыға береді. Сөйтіп жүргенде елуден асып кеткенінді де сезбей қаласың. Міне осы шақта опынып отырасың. Мұндайда тығырықтан шығудың жолы бар ма? Әрине бар. АЛИКАПС табиғи құрамы күрделі



жағдайдан құтқаруға таптырмас көмекшіге айналып, түйткілді шешуге жәрдемдеседі. Оны жыл сайын 1 курсынан өтіп ішсеңіз, қалған 11 айда өзіңізді өте жақсы күйде сезінесіз.

АЛИКАПС – құрамында ешқандай химиялық қоспа жоқ табиғи құрал! Оған сезімге өзіндік әсер ететін қуатты афродизиак пен шөп сығындысы кіреді. Бұл - ұзын жапырақты эвриком тамырының сығындысы және ергежейлі пальма мен дамианның жапырақтарының табиғи құрамдарынан жасалған сығынды. Көп ғасыр бойы бұл өсімдік еркектердің жігерін жанып, күш-қуатын молайту үшін пайдаланылған екен. Ол кез келген жастағы ер-азаматтардың көңіл-күйін жақсартып олардың өмірге деген құштарлығын арттырады.

Өзіңізді жақсы қалыпта ұстағыңыз келсе, онда бір ай ішінде күніне бір капсуласын қабылдасаңыз жеткілікті.

АЛИКАПС – ЖІГЕРІҢІЗДІ ЖАНИТЫН ХИМИЯЛЫҚ ҚОСПАСЫ ЖОҚ ТАБИҒИ ҚҰРАЛ! ОНЫҢ ҚҰРАМЫНА АФРОДИЗИАК ПЕН ШӨП СЫҒЫНДЫСЫ КІРЕДІ.

Дәріханалардан сұраңыздар!

Шұғыл желідегі тегін телефон: 8-800-080-59-59 (жұмыс уақыты: 08:00-23:00)

Алматы қаласындағы анықтама телефоны: 8-727-297-59-59 / www.riapanda.ru
ЖАРНАМА. БАД. Дәрі-дәрмек болып табылмайды. Пайдаланар алдында мамандармен кеңесіңіз.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік мекемесінен Ибрагимов Биінір Жұмабайқызына 12.07.2013 жылғы №132 бұйрығымен берілген жалпы мейірбике санатсыз маман сертификаты (тіркеу №10-с-827) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Даненова Торымайдың атына Қызылорда қаласы, Комсомол ауылы, Н.Ильясов көшесі, №16 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-039-602, №0093147) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Аикеев Амзе Абдрахмичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сұлтанмахмұт Торайғыров көшесі №59 үй, 5 пәтерге берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№1083 04.03.2004 ж.), үйдің жоспары (техникалық паспорты) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Спанов Ерлан Босатқанұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Ақжарма ауылдық округі, Ақжарма ауылы, Садық Ахун көшесі, 3 үйге берілген Халық депутаты Далакөл ауылдық кеңесі төрағасының шешімі (№28 04.10.1993 ж.), жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-007-578, №кз 0032504) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жеке кәсіпкер Р.Маштаевтың атынан ашылған Сужиков көшесі №1 үйде орналасқан «Жағалау» дүкеніне алкоголь өнімдерінің бөлшек саудасымен айналысуға 22 тамыз 2007 жылы берілген №710 мемлекеттік лицензиясы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Аяганова Бахыт Кыпшақбаевнаның атына Қызылорда қаласы, Скотков Фима көшесі, 10 үйге берілген сыйға беру келісім-шарты (№4-4038 06.11.2006 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясы барлық құрылыс, көлік, мұнай өндіру және басқа компаниялар мен кәсіпорындардың басшыларының назарына «Құмкөл-Арысқұм-Жосалы» магистралды мұнай құбырының Қарағанды облысы Ұлытау ауданының, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының аумағымен өтетінін жеткізеді. Магистралды құбырларды қорғау ережелерінің талаптарына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның жазбаша рұқсатынсыз қорғау аймақтарында (құбырдың екі жағынан 25 м) қандай да бір жұмыс түрлерін жүргізеулеріңізді сұраймыз.

Автокөлік егелерінен және жақын маңда орналасқан елді мекен тұрғындарынан құбыр өтетін жолға таяу жердегі қозғалыс қауіпсіздігінің ережесін сақтауларын, құбыр желісінің бүтіндігін бұзбай қорғауларын және қорғау аймағында тек белгіленген автожолмен жүрулерін сұраймыз.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басшылығы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

23.04.1998 жылы қайтыс болған азамат Келгенбаева Жумеш және оның мұрагері 15.07.2012 жылы қайтыс болған Келгенбаев Кангельді Жумадиловичке мұралық істің ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлер болса, Қызылорда қаласының нотариусы М.К.Бердалиеваға мына мекен-жайға жолығуын сұраймын: **Қызылорда қаласы, Шұғыла м/а, 25 үй, 81-82 пәтерге жолығуын сұраймын. Байланыс тел.: 20-15-81, 8-701-478-02-49.**

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» Қызылорда филиалы «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұңғыманы сынау кезіндегі арналған іс-шаралар жоспарының» жобалары бойынша қоғамдық тыңдау рәсімін өткізеді.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 57-бабына сәйкес барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді 2014 жылғы 10.10.2014 күні сағат 10.00-де Қызылорда қаласы, Айтеке би көшесі, 17 мекенжайында орналасқан облыстық кәсіподақ кеңесінің 3-кабинетке өтетін қоғамдық тыңдауға шақырамыз. **Байланыс телефондары: 8 (7242) 29-93-90 және 29-95-72, факс: 8 (7242) 27-72-71.**



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
ТЕҢГЕМЕН НЕСИЕ ұсынады



Жылқы өсірумен айналысасыз ба?

Онда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ аналық бас жылқы мен өндіруші айғыр сатып алу үшін **10 жылға дейінгі мерзімге** несие алыңыз.

Сыйақы мөлшерлемесі жылына **14 пайыздан**, мемлекеттен **7 пайызға дейін** субсидия беріледі.

Несиені өтеудің ыңғайлы кестесі!
«Ауыл бизнесін бірге дамытамыз!»

Қосымша ақпарат www.agrocredit.kz сайтында.
Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 46/48. 8 (7242) 55-17-99, 55-10-27
Call Center телефоны - 8-800-080-70-80 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
ТЕҢГЕМЕН НЕСИЕ ұсынады



Қой бағумен айналысасыз ба?

Онда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ саулық пен өндіруші қой сатып алу үшін **7 жылға дейінгі мерзімге** несие алыңыз.

Сыйақы мөлшерлемесі жылына **14 пайыздан**, мемлекеттен **7 пайызға дейін** субсидия беріледі.

Несиені өтеудің ыңғайлы кестесі!
«Ауыл бизнесін бірге дамытамыз!»

Қосымша ақпарат www.agrocredit.kz сайтында.
Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 46/48. 8 (7242) 55-17-99, 55-10-27
Call Center телефоны - 8-800-080-70-80 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)



Қызылорда облысы дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының «Ашық есік» күніне арналған кесте

Өткізілетін күні	Өткізілетін орны	Жауапты
29.09.2014 ж. сағ.10.00-13.00	Дін мәселелерін зерттеу орталығы Абай даңғылы, 27 (Денсаулық үйі) Кабинет №113, №114	Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандары, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің діни қызметкері
29.09.2014ж. сағ.10.00-13.00	Дін мәселелерін зерттеу орталығы Абай даңғылы, 27 (Денсаулық үйі) Кабинет №113, №114	Дін істері басқармасының қызметкері, Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандары
29.09.2014ж. сағ.15.00-17.00	Дін мәселелерін зерттеу орталығы Абай даңғылы, 27 (Денсаулық үйі) Кабинет №113, №114	Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандары, Әділет департаментінің қызметкері
29.09.2014ж. сағ.15.00-17.00	Дін мәселелерін зерттеу орталығы Абай даңғылы, 27 (Денсаулық үйі) Кабинет №113, №114	Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандары, Ішкі істер департаментінің қызметкері

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті қала тұрғындары!

Қызылорда облысы дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы қала тұрғындарына дін саласындағы заңнамаларды түсіндіру, мемлекет пен конфессияаралық қатынасты нығайту, жалпы діни жағдайды тұрақтандыру мақсатында құқық қорғау қызметкерлерінің, діни бірлестік өкілдері мен дінтанушы-теолог мамандардың қатысуымен ағымдағы жылдың қыркүйек айының 29 күні сағат 10.00-17.00 аралығында, Абай даңғылы 27 (Денсаулық үйі ғимаратында) №113,114 кабинеттерде «Ашық есік күнін» өткізетінін хабарлайды. Өзіңізді толғандырып жүрген көкейдегі сұрақтарыңызды мамандарға қойып, жауап алуға мүмкіндіктеріңіз бар. Толық ақпаратты 8(7242) 40-00-32 телефоны арқылы алуға болады.

ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАУҢАРЛАР

Бүгінде каламыз адам танымастай өзгерді. Зәулім ғимараттар бой түзеп, көп жасыл тал-дарақ та көбейіп келе жатқаны қуантады. Қаланың басты көшелеріндегі көздің жауын алатын қызыл-жасылды гүлдер мен ұлттық нақыштағы бейнелер де осы соңғы жылдар жақсарды.

Қаланың архитектуралық келбеті жаңарып, тарихи орындар қайта жаңғырған. Көгалды алаңдар, сансыз ғажап гүлдер аллеясы, сарқырама арнасы, тынығу жағажайлары, сәулетті үйлер мен көше бойына тізілген ағаштар қаланың көркін асқатты-ақ тұр.

Сондай-ақ, қаланың арнайы белгіленген аумақтарынан жаңадан сквер-аллеялар салынып жатыр. Ал, қаланың көркемдік-эстетикалық сәнін келтіру және келбетін жақсарту бағытында Жібек жолы көшесі бойына арнайы жасанды «гүл композиция-сы» қойылып, электр бағандарына гүл шарлары орнатылды.

— Қарағанды қаласынан қонаққа келдім. Осында үлкен қызым тұрады. Соңғы рет мұнда 2009 жылы келген болатынымын. Сол кездегі қала келбеті мен қазіргі кезін салыстыру мүмкін емес. Қызылорда шырайлы шаһарға айналып келеді екен. Қаншама жерін аралап шықтым, мұнтаздай таза көшелер, зәулім ғимараттар, түрлі мейрамханалар, заманауи үлгідегі сауда орындары бой көтеріпті. Тіпті жол жиегіндегі әсем гүлдер тынысыңды аша түскендей, барлығы керемет әсер қалдырады екен, — дейді алпысты еңсерген апамыз Тынымгүл Қуанышқызы.

Жібек жолы көшесінің бойында қазақтың қара домбырасы гүлмен көмкеріліпті. Қошқар мүйіз, түйе табан секілді ою-өрнектерінен шағын жүйек қазып, жағалай қызылды жасылды гүлдер отырғызып ашарын аша түскен. Қасиетті қара шаңырақтың бейнесі де жол жиегінде орын тепкен. Мұның бәрі де қазақы құндылықтарымыздың айқын көрінісі. Гүлге толы шәйнек, кесе де қазақы дастарқанның бейнесін келтіргендей-ақ.

Қаланың көркейіп-көгалдануына өзіндік үлестерін қосып, гүлдермен жайнатып келе жатқан “Зеленстрой” ЖШС компаниясы. Олар бұл іспен біршама жылдан бері айналысып келеді. Мекеме директоры Қамбар Қозыбағаровтың айтуынша, қаланың Бөкейхан мен Жібек жолы көшелерінің бойына дейінгі аралықты гүлмен көмкеру, жас ағаш түптерін отырғызу, газондарды төсеумен қатар қаладағы барлық аллеяны көркейтумен осы мекеме айналысады екен. Мекемеде екі гектар жерге арнайы ағаш көшеттерін отырғызып, оларды алдын ала өсіреді. Кейін қаланың белгілі жерлеріне оларды көшеттейді. Сондай-ақ, өңіріміздің климатына сәйкес келетін гүлдердің тұқымын Голландия елінен тапсырыспен алдырады. Содан арнайы теплицада өсіріп, кейін оны мекеме аулаларына, көше жиектеріне көшеттеп отырғызды. Қазіргі кезде мұнда гүлдің петуния, тагец, осения, бархат, бракада түрлерін егуде.

Ұлттық нақыштағы бейнелерді орнатумен айналысатын “Қызылорда көркем” ЖШС мердігер мекемесі орталық көшелер мен Абай, Астана, Жібек жолы даңғылы бойындағы жүзік, қара шаңырақ, домбыра сынды дүниелерді көп назарына ұсынып отыр. Алдағы уақытта атқаратын жұмыс көп.

— Мәселен, осы айдың аяғына дейін халқымыздың ұлттық ойындары мен салт-дәстүрін суреттейтін дүниелерді орнатамыз. Атап айтар болсақ, қыз қуу, бйге, аударыспақ, ұлттық киімдегі қазақ арулары, қасиетті жылқы және де ата-әженің бейнесімен қатар арнайы керуен көшін де құймалы пластмассадан жасап, белгіленген аумаққа қоямыз. Сонымен қатар, аркалық 30 қондырғы ұлттық нақыштағы ою-өрнектер ауыстырылатын болады, — дейді аталмыш мекеме директоры Жасұлан Жарасбаев.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ МІНДЕТ

Қазіргі кезеңде қоғамдағы ең қатерлі қауіптің бірі – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оған қарсы іс-қимыл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттік саясатының аса маңызды стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бірдің емес, көптің белсене атсалысатын ісі. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жойып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Сондықтан да оны болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Кез келген азаматтың құқықтық сауатын арттырудың негізгі көзі – кітап. Ал, кітап пен оқырман арасындағы негізгі алтын көпір бұл кітапхана екені даусыз. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында осы бағытта түрлі шаралар өткізіліп келеді. Атап айтсақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау мақсатында кітапханада «Сыбайлас жемқорлық – қоғам індеті», «Жемқорлықпен күрес – заманның басты талабы» атты кітап көрмелері ұйымдастырылды. Кітапхананың ақпараттық-библиографиялық бөлімінде «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бүгінгі күннің басты талабы» атты картотека, «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» атты ақпараттық ұсыныстар тізімі үнемі

толықтырылып, оқырмандар назарына ұсынылып келеді.

Аталған тақырып аясында жарыққа шыққан әдебиеттер мен мерзімді басылым беттеріндегі макалаларды оқырмандарға таныстыру мақсатында түрлі кітап көрмелері, виртуалды көрме, жарнамалық слайдтар, шағын дәрістер өткізіліп тұрады. Пайдаланушыларға арналып ақпараттық буклеттер дайындалады.

Нұржамал МЫРЗАМҰРАТОВА,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасының директоры.



Қызылордада ем жүргізуді қайта жалғастырады!

Аждар (Исмаил)

(Сертификат №057-К10.07.2012 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
«Қазақстан халықтары емшiлерi қауымдастығы» берген)

**ТМД-дағы балгерлер мен емшiлер арасындағы
аты шыққан үш емшiнiң бiрi.**

Аждар – бұрынғы Кеңестер Одағына танымал биоэнерготерапевт. ТМД елдерi халық емшiлерi конгресiнiң лауреаты. Оның емдеу нәтижелерi тығсым күш иелерi мен атақты ғалымдарды таңқалдырып жүрi. Ол дыбысты толқын деңгейiнде, электромагниттiк тербелiсте жұмыс iстейдi.

Аждар сiздiң созылмалы аурудан арылуыңызға көмектеседi.

Аждардың кереметтiгi сол, ол дуалап, алдап-арбап қаратуды, көз тиюдi, қарғысты және көптеген аурулардың бетiн қайтарады. Сонымен қатар ол өзiнiң қасиетiн қолымен әрi биоэнергиясымен төмендегiдей ауруларды емдейдi:

- бас ауруы;
- қан қысымының көтерiлуi;
- тыныс алу жүйелерiнiң проблемалары;
- асқазан-iшек жүйелерiнiң проблемалары;
- бүйрек ауруын, кiшi дәрет шығатын жолды;
- бауыр, өт жолы;
- қалқанша без;
- әйелдер ауруларын;
- қол мен аяқ буындарын;
- бел ауруын;
- бала көтермеудi;
- көру және көптеген ауруларды;
- жүрек-қан тамырлары ауруларын

Мақсат.

карта ашады – 2000 тг.

**Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы,
Абай даңғылы, 54, кіреберіс көше беттен (Автоуправление аялдамасы)
Қабылдау күндері: 2014 жылдың 14 қыркүйек- 12 қазан аралығында
сағ. 10.00 – ден 13.00 – ге дейін, 17.00-ден 19.00-ге дейін
(жұмыста демалыс күні болуы мүмкін)**

**АЛФАШҚЫ КЕҢЕС БЕРУ
ТЕГІН**

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу күнелігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялығдар газеттің түпкілікті
көзқарасын білдірмейді. “АҚ”-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында
басылды. Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51,
“Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:

Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24534

Тапсырыс №900

Электрондық оқылым – 21 000

«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы және барлық өндірістік учаскелердің ұжымдары «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің қызметкері

Жүсіп Қозыбағар Мырзатайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Оңтүстікқазжеркойнауы» өңіраралық департаментінің Қызылорда аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясының ұжымы геология саласының ардагері Смағұлов Алданазарға баласы және инспекцияның бас маманы - гидрогеолог Смағұлов Серік Алданазарұлына інісі

Смағұлов Қайрат Алданазарұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының облыстық ардагерлер ұйымы осы саланың құрметті ардагері

Серікбай Әшірбековтің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.